Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№18 (1021)

07.05.2021

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

МӘСЕЛЕ

САПАСЫЗ ҚҰРЫЛЫС, БҮЛІНГЕН БАСПАНА

ҚАЙДА БАРСАҢ, КӨЗБОЯУШЫЛЫҚ. ЖЕМҚОРЛЫҚ, АЛДАУ-АРБАУ. ОБАЛ-САУАПТЫ ЕСКЕРІП ЖҮРГЕНДЕР НЕКЕН-САЯҚ. ҰРЫ-ҚАРЫНЫ ЖАҚТАП, ЖАҚСЫНЫ ЖАРҒА ИТЕРІП ТҰРҒАН ҚОҒАМДА ЕШНӘРСЕГЕ ТАҢҒАЛМАЙТЫН БОЛДЫҚ. ЖЕҢ ҰШЫНАН ЖАЛҒАСҚАН ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ БІР ҰШЫ ТЕНДЕРДЕ ЖАТЫР. ОНЫҢ КӨРІНІСІН САПАСЫЗ САЛЫНҒАН ҚҰРЫЛЫСТАРДАН БАЙҚАУҒА БОЛАДЫ.

Талдықорғанда 2020 жылы мемлекеттік бағдарламамен салынған көп балалы аналар және аз қамтылған отбасыларға берілген баспанадан шикілік шықты. «Коттедж қалашығы» деп аталатын бұл баспаналардың сырт келбетіне қарасаңыз, сүйсінесіз, ал атқарылған жұмыстар араға бір жыл салмай жатып кей үйлердің қабырғалары ұйтқып соққан желдің әсерінен құласа, енді бірінің сылағы ұшып, қаңқасы ашылып қалғаны туралы видео әлеуметтік желіні жарып тұр. Олақ қыздың көктеген көрпесіндей, албажұлбасы шыққан баспаналар сапасыз құрылыс материалдарынан салынғанын, осы тұрғын үйлерде тұрып жатқан тұрғындардың өздері айтуда. Құрылысты қабылдап аларда көзжұмбайлыққа барған жергілікті әкімдік, бар кінәратты құрылысты салған фирмаға ысырып тастауда. Әр үйдің құны 15-16 миллион теңге тұратын бұл коттеджді, яғни, 620 баспананы салуға мемлекеттік бюджеттен 8,1 миллиард теңге бөлінінті. Тұрғындардың алды 2015 жылдан бастап қоныстанған. Кейбір тұрғындар Қазақстан ипотекалық компаниясы арқылы 20 жылға несие рәсімдеп алғандарын айтуда. Пайдалануға берілген 432 үйдің бесеуін де ғана кемшіліктер бар деген қалалық әкімдік: *«мердігер санитариялық ережелер мен нормаларға сәйкес кемшіліктерді, ақауларды өз есебінен жөндейді. Екі жылдық кепілдік мерзімі бар. Бұл әлемдік тәжірибе, құрылыста кемеліктер болуы мүмкін»* деседі. Сонда екі жылдан кейін кепілдік мерзімі біткенде салынған баспаналардан тағыда ақау шықса оны кім жөндейді. «Іс бітті, қу кетті» деп тұрғындардың өздері жасап алуы тиіс пе?! Қазірдің өзінде, пәтерлерін жөндеп жатқандардың бірі Ерлан Аманбаевтың айтуынша, қабырғадағы түс қағаздарды ауыстырмақ болғанда екі қабырғаның түйіскен жері жарылып, ажырап кеткенін айтуда. Бұл азаматтың тұрып жатқанына төрт жыл болыпты. Қабырғаның түс қағазын ауыстырмаса жарықшақты мүлде білмеген болып шығады. Айына 60 мың теңге несие төлейтін азамат жер сілкінсе үй құлап қалуы мүмкін – дейді. Қыстың көзі қырауда, үйдің не себепті жылымайтынына енді көзі жеткен Ерлан алданып қалғанына өкінуде. Бір ғана Ерланның баспанасы емес, қалашықтағы 45 пәтердің жағдайы осындай. Қабырғалары көгеріп, сылақтары опырылған. Жаңбыр жауса төбелерінен су сорғалайды екен. «Маңғыт аузына саңғыт» деп қарағанның ірімшігін аузынан жырып әкеткен құрылыс компаниясынан баспаналарды қабылдап алған «Жетісу» әлеуметтік кәсіпкерлік компаниясы мердігер компания түс қағаздарын жапсырып жатқанда бақылау жасамаған болып тұр ғой. Бақылау күшті болғанда, көзбояушылыққа барған мердігердің ісі әшкере болатын еді. «Біз қабылдап алғанда бәрі талапқа сай болатын» деп, енді өздеріне кір жұқтықсы келмейді.

Айдар Ержомартов, «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының департамент директоры: – *Мердігер компания Көкшетау қаласынан. Ашық конкурс арқылы жеңген компания. Көкшетау қаласына хат та жіберілді. Енді сол мердігер компания келіп, тұрғындарға барынша тиісті шараларды жасаймыз,*– дейді.

Күн санап құрылыстағы шикіліктпен бетпебет қалған коттедж тұрғындары шулағанда шауып барып, үйтеміз-бүйтеміз дейтін жергілікті билікке осыдан кейін қайтіп сенім артады. Бір ғана баспананың мәселесі емес, күре жолдың бойына орналасқан қалашықта жаяу жүргіншілерге арналған өткел де жоқ. Ары-бері, қара жолда зымырандай зулаған көліктерден қорқып, жандарында шүберекке түйіп жүргенін айтады тұрғындар. Алматы облысында онсызда жол-көлік оқиғасынан екі күннің бірінде адам шығыны болып тұрады. Баспанасы бүлініп, қара жолдан өткел табалмай, бала-шағасы үшін алаңдаған қалашықтағы тұрғындар сапасыз құрылыстан зардап шегіп отыр.

Айтақын МҰХАМАДИ

БАСПАСӨЗ - 2021

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне ІІ жарты жылдыққа жазылу жалғасуда

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
6 айға – 1820 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
6 айға – 2235,25 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
6 айға – 2350,40 теңге.

Полугодовая подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
6 месяцев – 1820 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
6 месяцев – 2235,25 тенге.
для сельского населения
6 месяцев – 2350,40 тенге.

Индексі: 15534

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТАҒАЙЫНДАУ

Алматы облысы әкімінің өкімімен Дәндібаев Арслан Момышұлы облыс әкімінің орынбасары болып тағайындалды.

Арслан Момышұлы ДАНДЫБАЕВ

1975 жылы туған. Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін халықаралық қатынастар, референт мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Консулдық қызмет департаментінің маманы, атташесі болып бастады.

Әр жылдарда Қазақстан Республикасының Стамбул қаласындағы Консулдығының, ҚР-ның Түркия Республикасындағы Елшілігінің атташесі, ҚР-ның Амсердам қаласындағы Бас консулдығының вице-консулы, ҚР-ның Нидерланд Корольдігіндегі Дипломатиялық миссиясының екінші хатшысы, бірінші хатшысы, ҚР-ның Түркия Республикасындағы Елшілігінің бірінші хатшысы, ҚР Сыртқы істер министрлігінің Мемлекеттік протокол қызметі Мемлекеттік және үкіметтік сапарлар бөлімінің бастығы, ҚР Президенті Протоколының бас сарапшысы, консультанты, ҚР Бас консулдығының кеңесшісі, ҚР Стамбул қаласындағы Бас консулы, ҚР Сыртқы істер министрлігінің Алматы қаласындағы өкілдігінің Басшысы, «Астана ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ Протокол қызметінің Басшысы, ҚР Сыртқы істер министрлігі Мемлекеттік протокол қызметінің Басшысы, ҚР Президенті Протоколы Басшысының орынбасары лауазымдарын атқарды.

2019 жылдың наурызынан – ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Протоколының Басшысы.

ХРОНИКА

Алматы облысы әкімінің өкімімен Рустам Али басқа жұмысқа ауысуына байланысты облыс әкімінің орынбасары қызметінен босатылды.

ТАҒАЙЫНДАУ

Алматы облысы әкімінің өкімімен Рустам Әли Ескелді ауданының әкімі болып тағайындалды.

Рустам ӘЛИ

1984 жылы туған. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін және І. Жансүгіров атындағы мемлекеттік университетін шығыстану және қаржы мамандықтары бойынша бітірген. Философия докторы (PhD). Бірқатар ғылыми зерттеу кітаптарының авторы және бірлескен авторы.

Еңбек жолын Алматы қаласында «Деловая неделя» газетінің тілшісі болып бастаған.

Кейін Centralasiaonlaine.com сайтында фрилансер, «Каспий» Орта Азия мен Кавказдағы этномәдени және геосаяси зерттеулер журналының Қазақстандағы ресми өкілі, «Деловая неделя» газетінің халықаралық бөлімінің редакторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Шығыстану факультетінің оқытушысы, «Деловая неделя» газеті бас редакторының орынбасары, облыстық ішкі саясат басқармасы жанынан құрылған Талдықорған қаласындағы «Жетісу жастары» МҚКК директоры, І. Жансүгіров атындағы ЖМУ-дың журналистика кафедрасының оқытушысы, Ескелді ауданы Қайнарлы ауылдық округінің әкімі, «ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының» Алматы облысы бойынша филиалының оқытушысы, Алматы облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының, облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы болды.

2020 жылдың тамызынан – облыс әкімінің орынбасары.

ХРОНИКА

Алматы облысы әкімінің өкімімен Рауан Тұрданғазыұлы Рақымбеков басқа жұмысқа ауысуына байланысты Ескелді ауданының әкімі лауазымынан босатылды.

МЕДИЦИНА

ЗАМАНАУИ ЖАБДЫҚТАР СЫЙҒА БЕРІЛДІ

Halyk Bank және AYALA қоры Алматы Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығына заманауи реанимациялық жабдықтардың 18 бірлігін, оның ішінде дене салмағы өте төмен нәрестелердің қарқынды терапиясына арналған 2 инкубаторды, 5 реанимациялық үстелді, 6 фототерапия шамын және 5 жоғары дәлдікті медициналық таразы берді.

«Бұл өте маңызды қайырымдылық жоба, себебі әңгімеміздің еліміздің болашақ ұрпағы – сәбилердің, жаңа туған қазақстандықтардың денсаулығы туралы болып отыр. Сондықтан Банк түрлі әлеуметтік маңызды жобалар бойынша біздің бұрыннан келе жатқан серіктесіміз AYALA қорының бастамасын қолдады. Осы жабдықтар мен жан-жақты қолдаудың арқасында Орталық мамандары балаларға уақытылы білікті көмек көрсетіп, дүниеге жаңа келген сәбилерге өмірлік жолдама беретініне сенімдіміз» – деді Halyk Bank басқарма төрағасының орынбасары Дәурен Сартаев.

Алматы қаласындағы Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығы – еліміздегі ең ірі перзентхана. Жыл сайын мұнда 8-8,5 мың әйел босанады, оның 12 пайызы – мерзімінен бұрын босанатындар. *«Біздің орталық 2011 жылдың қараша айынан бастап жұмыс істей бастады. Бірақ 10 жыл ішінде медициналық жабдықтар моральдық жағынан ескірген, сондықтан үнемі қымбат жөндеуді талап етіп, жиі істен шығады. Бізде орнатылған көптеген модель өндірістен*

алынып тасталды, бұл жиынтықтарды сатып алуды қиындатады. Әсіресе, құрал-жабдықтардың тапшылығы неонатальдық қызмет бөлімшелерінде өте өзекті. Енді Halyk Bank пен AYALA қорының қолдауыныңарқасында неонатология бөлімшесінің барлық қажеттіліктері қанағаттандырылды. Дәрігерлердің, ірі бизнес пен қордың біріккен қамқорлығы жаңа туған нәрестелердің өмірі мен денсаулығын сақтап қалуға көмектеседі», – деп

атап өтті Алматы қаласы Перинатологияжәне балалар кардиохирургиясы орталығы директорының орынбасары Светлана Александровна Лисогор.

Берілген жабдықтың жалпы құны 27 003 750 теңгені болған.

Қарқынды терапияға арналған инкубатор жылудың реттелуі жаңа туған нәрестелердің дене температурасын, қажетті ылғалдылықты және оттегінің деңгейін бір қалыпты ұстайды.

Ашық реанимациялық жүйе шала туған балаларды емдеу үшін оңтайлы микроклиматтық жағдайларды ұстап тұруүшін арнайы құрылған. Әдетте олар шала туады (салмағы өте аз) және нәрестелерге терідегі ұсақ тесіктер арқылы буланып кететін ылғалды жоғалтпай ұстауы керек. Дененің қалыпты температурасы 37,5С аспауы, ал іш температурасы 36,2 – 36,5С шегінде болуы тиіс. Ашық реанимациялық жүйеде осы көрсеткіштерге қол жеткізу үшін керуеттің, ауаның температурасының жайлы деңгейі мен сәулелі жылу берудің қуаты белгіленеді.

Фототерапия шамы жаңа туған нәрестелерді емдеуге көмектеседі. Сәби терісінің сарғаюы – бұл орталық жүйке жүйесінің ауыр зақымдануына әсер ететін уытты билирубин деңгейінің ұлғаюы. Әсіресе ол шала туған балалардың арасында жиі кездеседі. Қандағы уытты билирубиннің жоғары деңгейі дамудағы кідірістерді, атетоидты церебралды сал ауруын, ішінара немесе толық сал ауруын, құрысуды, есту проблемаларын қоса алғанда, баланың бас миының қайтымсыз зақымдануына себеп болуы мүмкін.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

КОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

«Nur Otan» партиясы жанындағы Жастарды қолдау жөніндегі жаңа республикалық қоғамдық кеңес мүшелері «Дипломмен – ауылға!» және «Серпін» мемлекеттік бағдарламаларын жүзеге асырудағы түйінді мәселелерді талқылады.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСУДА?

Отырыс барысында Ұлттық экономика вице-министрі Әлішер Әбдіқадыров хабарлағандай, «Дипломмен – ауылға!» жобасын іске асыру нәтижесінде 2009-2020 жылдар аралығында 77 мыңнан астам маман 11,5 млрд. теңге сомасында көтерме жәрдемақы алса, ал 36,6 мың маман 105,3 млрд теңге сомасында тұрғын үйге бюджеттік несиеге қол жеткізген. Бұл ретте білім беру саласының – 70% және денсаулық сақтау саласының – 21% мамандары қамтылған.

Кеңес төрағасы, Мәжіліс депутаты Мәди Ахметовтің айтуынша, жас мамандардың мүдделерін ескере отырып, бағдарламаға қатысу шарттарының бірнеше рет қайта қаралғанына қарамастан, жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізілмеген.

«Бұл жобалар бастапқыда қала мен ауыл арасындағы түрлі салалар бойынша алшақтықты теңестіре отырып, бар проблемалар кешенін шешуге тиіс еді. Бірақ, өкінішке қарай, өңірлердегі ахуал сол деңгейде қалып отыр, айтарлықтай өзгерістер жоқ», – деді ол.

Өз кезегінде «Jas Otan» ЖҚ-ның төрағасы Нұржан Жетпісбаев ауылдық жерлерде кадр тапшылығы мәселесі өткір күйінде қалып отырғанын алға тартты. Оның айтуынша, бүгінгі күнде агроөнеркәсіптік кешен саласында 2,8 мың маман жетіспейді.

«Егер жыл сайын мемлекеттік гранттар бойынша аграрлық мамандық алған түлектердің тек 30%-ы ғана ауылдық жерге жұмысқа орналасатынын ескерсек, осы мақсатқа бюджеттен бөлінген 7 млрд теңгеге жуық қаражат тиімсіз пайдаланылып отыр. «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасын іске асырудағы кемшіліктердің бірі – жас мамандарға бюджеттік несие қаражатын бөлу кезіндегі бюрократия», – деп атап өтті ол.

Осыған байланысты партияның жастар қанатының басшысы Мәжілістің жас депутаттары арасындағы Кеңес мүшелеріне көтерме жәрдемақы төлеуден және тұрғын үй сатып алуға несие беруден негізсіз бас тартуға қатысты құқықбұзушылықтарды тексеру үшін Бас прокуратураға депутаттық сауал жолдауды ұсынды. Жергілікті жерлерде «Дипломмен – ауылға!» және «Серпін» бағдарламаларын іске асырудың мониторингіне «Nur Otan» партиясының Жас депутаттарының корпусы да қосылады.

«Серпін» бағдарламасы туралы Білім және ғылым вице-министрі Шолпан Каринова бөлінген мемлекеттік тапсырыс толық көлемде игерілмейтінін айтты. Ол гранттардың игерілмеуінің негізгі себептері ретінде білім алған жерінде міндетті жұмыспен өтеу талабының болуын, бағдарлама түлектерінің жұмысқа орналасатынына кепілдік берілмеуін, жергілікті атқарушы органдар мен жұмыс берушілердің ЖОО-мен жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша өзара іс-қимылының нашарлығын, бағдарлама түлектерінде тұрғын үйдің болмауын да атады.

Отырыс қорытындысында Кеңес тиісті мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуын жақсарту бойынша бірқатар ұсыным әзірледі, олар уәкілетті органдарға жолданатын болады.

«Nur Otan» партиясы Алматы облыстық филиалының баспасөз қызметі.

ЕНПФ

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

С 1 АПРЕЛЯ 2021 ГОДА ИЗМЕНИТСЯ МЕТОДИКА ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ РАСЧЕТА ЕЖЕМЕСЯЧНОЙ ВЫПЛАТЫ ИЗ ЕНПФ

Размер ежемесячной пенсионной выплаты из ЕНПФ определяется как одна двенадцатая годовой суммы пенсионных выплат, исчисленной в соответствии с положениями Постановления Правительства Республики Казахстан от 2 октября 2013 года № 1042 (приложение 2 Методика осуществления расчета размера пенсионных выплат). При этом ежемесячная пенсионная выплата из ЕНПФ осуществляется в размере не менее 70% от прожиточного минимума. (Ранее ежемесячная пенсионная выплата из ЕНПФ осуществлялась в размере не менее 54% от прожиточного минимума).

В соответствии с Методикой осуществления расчета размера пенсионных выплат с 1 апреля 2021 г. годовая сумма пенсионных выплат в первый год осуществления пенсионных выплат будет рассчитываться как произведение суммы пенсионных накоплений на ставку выплат пенсионных накоплений – 6,5 %.

В последующие годы размер ежемесячной пенсионной выплаты будет пересчитываться путем ежегодного увеличения размера ежемесячной пенсионной выплаты за предыдущий год на ставку индексации пенсионных выплат – 5%.

Приведем пример:

Сумма ПН = 6 000 0000 тенге

Годовая сумма пенсионных выплат в первый год: 6 000 000*6,5%=390 000 тенге;

Размер ежемесячной пенсионной выплаты в первый год: 390 000/12 мес.=32 500 тенге;

Размер ежемесячной пенсионной выплаты на второй год: 32 500+ 32 500*5%=34 125 тенге.

Кроме того, Методикой осуществления расчета размера пенсионных выплат предусмотрены поправочные повышающие коэффициенты для получателей определенных категорий: людей с инвалидностью 1 или 2 группы, установленных бессрочно, а также людей, работавших на вредных и опасных производствах, чьи накопления сформированы за счет обязательных профессиональных пенсионных взносов в совокупности не менее шестидесяти месяцев. При этом, для лиц, удовлетворяющих более чем одному из вышеуказанных условий, применяется поправочный коэффициент с наибольшим значением.

Надо отметить, что указанная методика осуществления расчета размера пенсионных выплат распространяется на отношения, возникшие с1 апреля 2021 года.

Лицам, реализовавшим свое право на получение пенсионных выплат из ЕНПФ до 1 января 2018 года, ежегодный размер пенсионной выплаты составляет не менее тридцатикратного размера минимальной пенсии (в 2021 году 30х 43 272=1 298 160 тенге). Выплаты осуществляются по ранее выбранному графику.

Лицам, реализовавшим свое право на получение пенсионных выплат из ЕНПФ с 1 января 2018года по 31 марта 2021года(включительно),согласно новой Методике осуществления расчета размера пенсионных выплат, с1 января 2022 годаежемесячныепенсионные выплаты будут увеличены на ставку индексации пенсионных выплат в размере 5%, с последующей ежегодной индексацией.

Таким образом, новая Методика осуществления расчета размера пенсионных выплат учитывает особенности условий труда и здоровья получателей, а также будет способствовать увеличению ежегодного размера выплат из ЕНПФ.

Напомним, что пенсионные выплаты из ЕНПФ осуществляются до исчерпания пенсионных накоплений на индивидуальном пенсионном счете.

ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. С 1 января 2016 года функции по выработке предложений по повышению эффективности управления пенсионными активами переданы Совету по управлению Национальным фондом. В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, пенсионные выплаты, индивидуальный учет пенсионных накоплений и выплат, предоставляет вкладчику (получателю) информацию о состоянии его пенсионных накоплений (подробнее на www.enpf.kz)

О ЗАКРЫТИИ ПЕНСИОННЫХ СЧЕТОВ БЕЗ НАКОПЛЕНИЙ

АО «ЕНПФ» информирует о вступлении в силу с 01.03.2021г. Правил ведения учета пенсионных накоплений за счет обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов и добровольных пенсионных взносов на индивидуальных пенсионных счетах (ИПС) вкладчиков (получателей), утвержденных постановлением Правления Агентства Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка от 12 февраля 2021 года № 27, в соответствии с которым ИПС закрывается по истечении 1 (одного) месяца при условии отсутствия пенсионных накоплений.

Таким образом, в ЕНПФ закроются ИПС, которые ранее были открыты в том числе в случаях, когда человек, устраиваясь на работу, подавал заявление на открытие счета либо заключал договор о пенсионном обеспечении, но по каким-то причинам так и не начал делать отчисления, а также будут закрыты ИПС, по которым имелись пенсионные накопления и были осуществлены выплаты и переводы всей суммы пенсионных накоплений и после осуществления выплаты либо перевода в течение 1 (одного) месяца не поступали взносы.

Количество счетов без пенсионных накоплений в ЕНПФ на 01.02.2021 года составляло порядка 121 тысячи.

Напомним, что с 2019 года для открытия в ЕНПФ ИПС для учета обязательных пенсионных взносов (ОПВ) физическому лицу не нужно обращаться в ЕНПФ с целью оформления заявления. Счет открывается в информационной системе ЕНПФ автоматически при поступлении первого взноса, идентификация физического лица осуществляется по персональным данным, указанным в электронном формате платежного поручения при перечислении пенсионного взноса, а все необходимые сведения о реквизитах действующего документа и прочих реквизитах ЕНПФ получает из информационных систем государственных органов. Вкладчик считается присоединившимся к договору о пенсионном обеспечении за счет ОПВ со дня получения ЕНПФ электронного уведомления от Государственной корпорации «Правительство для граждан».

Взносы перечисляются работодателем с удержания суммы ОПВ с первой зарплаты, то есть исключается возникновение «нулевых» счетов (без накоплений) для учета ОПВ.

ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. С 1 января 2016 года функции по выработке предложений по повышению эффективности управления пенсионными активами переданы Совету по управлению Национальным фондом. В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, пенсионные выплаты, индивидуальный учет пенсионных накоплений и выплат, предоставляет вкладчику (получателю) информацию о состоянии его пенсионных накоплений (подробнее на www.enpf.kz).

ОБРАЗОВАНИЕ

ВЫБОР ПРОФЕССИИ - ЭТО, НЕСОМНЕННО, ВЫБОР СВОЕГО БУДУЩЕГО

В основе эффективной жизнеспособности любого вуза лежит профессиональная ориентация среди учащихся школ, профессиональных колледжей для формирования личностных качеств абитуриентов, необходимых для выбора профессии и достижения профессионального и социального успеха.

Мы прекрасно знаем, что выбрать профессию непросто, каждый выпускник должен выбирать исходя из своих склонностей. Выбор профессии-это не только выбор работы, которой ты хочешь заниматься, но и выбор среды, в которой ты хочешь заниматься. Не зря говорят: «человек не должен ошибаться в двух разных ситуациях: один – при выборе профессии, другой – при выборе партнера». Поэтому молодым людям необходимо доверять своей интуиции и выбирать профессию по душе.

Алматинский Технологический Университет [https://atu.edu.kz/] является одним из ведущих высших учебных заведений Казахстана и Центральной Азии, осуществляющим уже более 60 лет подготовку специалистов и научных кадров для пищевой, перерабатывающей, текстильной и легкой отраслей промышленности, индустрии сервиса и гостеприимства. АТУ присутствует на рынке образовательных услуг с 1957 года и в последние годы планомерно реализует принципы Болонской Декларации, активно интегрируется в глобальное образовательное пространство и становится всё более узнаваемым в мире.

АТУ является коллективным членом Международной Ассоциации Университетов; Международной Ассоциации Обмена Студентами; Клуба Ректоров университетов Европы; Международного библиографического общества; Союза Евразийских университетов; Консорциума EdNet.

В рейтинге QS University Rankings: Eastern Europe & Central Asia 2019 АТУ входит в TOP–300 университетов Восточной Европы и Центральной Азии; в национальном рейтинге входит в топ 5 лучших технических вузов РК. Ежегодно профильные образовательные программы АТУ занимают первые места в Национальных академических рейтингах образовательных программ.

Международные связи развиваются в рамках более 150 договоров и соглашений с ведущими вузами и научно-образовательными центрами. Университет реализует политику активного вовлечения профессорско- преподавательского состава, сотрудников и обучающихся в международные проекты и программы для реализации совместных научных и образовательных программ с университетами дальнего и ближнего зарубежья и является активным участником международных программ и инициатив Евросоюза: Темпус, Эрасмус Мундус, FP7, DAAD, БОЛАШАК, IAESTE, в рамках которых за последние пять лет более 130 студентов бакалавриата и магистратуры АТУ обучались и проходили практику за рубежом, а свыше 70 зарубежных студентов прошли летние курсы в АТУ [https://atu.edu.kz/].

Год за годом университет расширяется и развивается, внедряя современные образовательные программы, соответствующие международным стандартам. В университете обучают на основе трехступенчатой основе: бакалавриат-магистратура-докторантура PhD. Обучение проводится с использованием интерактивных, информационных, производственных методов обучения.

В университете созданы все условия для всестороннего развития личности студента, формирования активной жизненной позиции иреализации интеллектуальных и лидерских способностей, непрерывного развития творческих способностей студентов, приобщения их к достижениям отечественной и мировой культуры; воспитание интеллигентности; установление культа нравственности, высокого художественного вкуса; формирование ценностных ориентиров, патриотизма, устойчивых нравственных принципов и норм.

Алматинский Технологический Университет – это надежность, стабильность и качественное высшее образование! Если вы за надежное будущее - выбирайте Алматинский Технологический Университет.

Ш.Кененбай,
ассоц.профессор кафедры Технология продуктов питания факультета Пищевых технологий, sh.kenenbai@atu.kz

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МӘСЕЛЕ

КӘСІПКЕРЛЕР КӨТЕРІЛІСІ

«АУРУ КІРДІ, ӘЛЕК КІРДІ» ДЕГЕН ОСЫ! БІР ЖЫЛДАН БЕРІ ӘЛЕМДІ ДҮРЛІКТІРГЕН «КОВИД- 19» БЕН « ПАНДЕМИЯ» КЕСЕЛІ ЖЕР ШАРЫНДАҒЫ БАРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ ЭКОНОМИКАСЫН ШАЙҚАЛТТЫ. ӘЛІ КҮНГЕ ДЕЙІН ЕМІ ТАБЫЛМАҒАН ІНДЕТ ЕКІНШІ ЖЫЛҒА АЙНАЛДЫ. АДАМ ШЫҒЫНЫ КӨБЕЙМЕСЕ АЗАЙҒАН ЖОҚ. ТІПТІ, ІНДЕТТІҢ ЖАҢА ТҮРЛЕРІ ҚАЛЫПТАСУДА. ТАЖАЛҒА ҚАРСЫ КҮРЕСІП ЖАТҚАН ӘЛЕМ ҒАЛЫМДАРЫ МЕН ДӘРІГЕРЛЕР ТЕЖЕУСІЗ КЕТКЕН ІНДЕТТІҢ ҚАШАН ТОҚТАЙТЫНЫН НАҚТЫ АЙТА АЛМАУДА. АЛ, ЭКОНОМИКАНЫ ОЙСЫРАТЫП, КӘСІПКЕРЛЕРДІ ҰЛАРДАЙ ШУЛАТҚАН КАРАНТИН ШАРАСЫНА ШАҒЫН КӘСІП ИЕЛЕРІНІҢ КӨҢІЛДЕРІ ТОЛМАЙДЫ.

«Бірінші байлық - денсаулық» дейміз-ау! Денің сау, тәнің бүтін болса, қам-қарекет жасайсың. Басқа-басқа, кеңірдекке тоқтау жоқ. Күн көріс қамы кім-кімді де болса, қажытып жіберді. Шағын кәсіп иесі тұрмақ, ірі кәсіпкерлердің тірлігі тұманданып тұр. Былтыр жазда қынадай қырылып қалған Алматы облысы биыл тағы да бірде қызыл, бірде сары аймаққа өтуде. Қараша қауымда үрей басым. Адамдар көп шоғырланатын базар, мейрамхана, асханалар мен азық-түлік дүкендерінен басқасы сенбі-жексенбіде жұмыс жасауларына тыйым салынды. Алайда, «Ақыш таздың амалы-ай» демекші, індет өршіп тұрса да, амалын тауып, той-тойлатып жүргендер айылын жияр емес. Мониторинг жүргізіп, той өткізген мейрамхана мен кафелердің қожайындарына миллиондап айыппұл да салынды. «Үш күннен кейін көрге де үйренесің» дегендей, өршіген індетке бойы үйренген адамзат баласы сақтық шараларын бірі орындаса, бірі пысқырып та жүрген жоқ. Қорғаныс үшін киілетін бетпердені де кимей, базарлар мен сауда нүктелерінде қырғауылдай жорғалап жүр. Енді, міне, шағын кәсіп иелері көтеріліске шығуда. Бұларды да түсінуге болады. Мойындарында банктен алған несиелері бар. «Карантиндік шара базарларға ғана тіреліп қалды ма? Ең құрыса сенбі, жекенбі күні өтетін коммуналдық базардағы жәрмеңкемізге рұқсат беріңдер» – дейді олар.

«Магнум», «Смол» сауда үйлері күндіз-түні еш кедергісіз істеп тұр. Онда да адамдар құмырсқадай құжынап жүр. Алған саудаларына есеп жасауда сарылып тұрады. «Сонда, індет тек базарға ғана келе мекен» деген наздарын жеткізуде саудагерлер. Осындай қоғамдық көтеріліс Көксу ауданында орын алды. Ондағы базаршылар «жексенбі күні базар жұмыс жасасын» деп зар илеуде. Ал, Талдықорғандағы 450-ден аса саудагер санитарлық дәрігердің шығарған қаулысы «мүлдем логикаға сыймайды» деп ұлардай шулауда. Айтуларынша, соңғы 15 жылдан бері халық коммуналдық базарға тек сенбі күні ғана барады. Жай күндері сауда бұл жерде жүрмейді. Қарап тұрсаң «Былай тартсаң арба, былай тартсаң өгіз өледі» дегеннің кері. Кәсіпкерлерге жұмыс жасатпайын деп тұрған жергілікті билік жоқ. Оларды да түсінуге болады. Жалпы республика бойынша күн жылыған сайын аты жаман ауру өрттей қаулап келеді. Қызыл аймаққа енгендіктен сақтық шарасы қатаң болғаны жөн. Алайда, бұл шаралар шағын кәсіп иелерінің шамына тиюде. Екі тараптың да іс-шараларына қарап тұрсаң «Қожанасыр туралы» әзіл ерiксіз ойыңа түседі. Бірде екі көрші бірінің үстінен бірі шағым айтып, Қожанасырға келіпті. Бірінші келген көршісінің арыз-шағымын мұқият тыңдаған Қожанасыр: «Сіздікі дұрыс» деп шығарып салыпты. Артын ала екінші көрші келіп, алдыңғы келіп кеткен көршісінің үстінен арызданыпты. Онында мұқият тыңдаған Қожанасыр: «Сіздікі де дұрыс» депті. Көршілер кеткен соң бәйбішесі: «Қожеке мұныңыз қалай, сіз арызданушылардың екеуіне де дұрыс деп айттыңыз, екеуінің біреуі айыпты болуы керек қой» десе, әйеліне қарап сенікі де «дұрыс» деген екен. Сол, Қожанасыр айтпақшы, бізде екі тараптың да талабы дұрыс деп тұрмыз. Әйтпесе, күнделікті бюджетке кіріс кіргізіп отырған кәсіпкерлердің жұмысына тоқтау салатын, әкімдік пен санитарлық дәрігерлерлер мұндай шараларға еріккеннен барып отырған жоқ. Кәсіпкерлердің қойып отырған талабы: бізге сенбі-жексенбі күні жұмыс жасауға мүмкіндік берілсін. Нөпір халық тек қана, базарда жүрген жоқ, үлкен сауда үйлерінде де жүр. «Ала қойды бөле қырыққандай» біздің аяқ -қолымызды тұсап тастады. Мойнымызда банктерден алған несиемізді қалай төлейміз деп, тіпті сауда жасаған күннің өзінде, саудаларының жүрмей тұралап қалғанын айтып, ащы айғайға басуда.

Мұрат Ысқақов, саудагер: – *Міне, таң атқалы бір «покупатель» келген жоқ. Балығымыз кеуіп, бұзылып жатыр. Біздің талабымыз сенбі күні жұмыс істесе. Жоғарғы жақтағылар осы уақытқа дейін еш әрекет етпеді. Біздің жылағанымызды күткендей.*

Гүлнәр Құрманбаева, саудагер: – *«Магнум», «Смол» істеп жатыр. Олар 24 сағат істейді. Ол жерде коронавирус жоқ па? Бес күн істейді, бес күннің бірақ күнінде коронавирус келеді ме, неге бұлар халықпен ойнайды. Әр қайсымыздың несиеміз бар, бала-шағаны асырауымыз керек.*

Тыңдап тұрсаң бұлардікі де жөн. 450-ден аса саудагер жиылып «сенбі күні коммуанaлдық базар жұмыс жасасын» деп өтініштерін СЭС-тің басшылығына тапсырды. Тура осындай талапты, Көксу ауданның шағын кәсіп иелері де ереуілдеп, Көксу ауданындағы базар жексенбі күні жұмыс жасасын деген талаптарын қоюда. Алайда, базарларда көбіне санитарлық талаптар сақтала бермейді. Сатушы мен саудагерлер арасындағы арақашықтық, бетперде мәселесі ескеріліп жатқан жоқ. Оларға тек саудасы дөңгелесе болды. Мұндай, талаптар үлкен сауда үйлерінде де кездеседі. Онда тұтынушылардың бетпердесі болғанымен, есеп айырысатын касса алдындағы арақашықтық талабы сақталмаған. Бұл көріністерді жанар-жағармай бекеттерінен де, көруге болады. Осы көріністерді көрген соң ғой базардағы кәсіпкерлердің көтеріліп жүргені. Әсілі, қабылданған қатаң шараларды кәсіпкерлер мен тұтынушылар да мұқият сақтауы тиіс. Жұқпалы індеттің өршуіне және кәсіпкерлердің арыз-шағымдарына қатысты санитариялық мекеменің өкілдерінің қойып отырған талабы да дұрыс.

Гауһар Каткенова, Алматы облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары:

– «*Әрбір келуші термометриядан өтуі, бетпердесі болуы керек. Сонымен қатар сатушының да бетпердесі, бір рет қолданылатын қолғаптары болуы шарт. Сатушы мен келушінің арасында әлеуметтік арақашықтық сақталуы тиіс. Талаптар сақталатын болса, коммуналдық базар ашық базар болғандықтан олардың сенбі күні жұмыс істеуіне қарсы болмаймыз*» деген талабына базардағы шағын кәсіп иелері, барлық талапты сақтаймыз деп уәделерін берді. Енді, санитариялық мекеменің қойған талаптарын саудагерлер қаншалықты орындайтынын коммуналдық базар жұмыс жасағанда анық көрінетін болады.

25-сәуірде Көксу ауданының Балпық би тұрғындары да жексенбі күні істейтін базардың ашылуын талап еткен-ді. Ондағы саудагерлердің айтуынша, Текелі, Үштөбе қалаларындағы жексенбі жұмыс істейтін базарлары ашық. Ал, Балпық би базары жабық. Жексенбілік базарды келесі аптадан бастап ашуын сұрап, оның бірнеше себебін алға тартты. Негізі бұл базарда сауда-саттық жасайтындардың көбі өз өнімдерімен және қолданыста болған киім-кешектерді, тұрмыстық заттарды сатумен айналысады. Олардың айтуынша, көшеттер мен тұқымдардың сату мерзімі аяқталып келеді. Нәпақамызды жексенбілік базардан тауып отырмыз, жергілікті билік осыған назар аударсын. Табыс таппасақ, несиені қалай төлейміз? Қымбатшылық белең алып барады. Жабық базармен ашық базар арасында қандай айырмашылық бар деген базардағы саудагерлердің өкпе-реніштері үлкен сауда үйлеріндегі сауданың қызып, шағын-кәсіп иелерінің жұмысы тұралғанына налуда. Айтып ауыз жиғанша болған жоқ, өткен сенбі күні Талдықорғандағы коммуналдық және Көксудағы жексенбілік базар сенбіде жұмыс жасады. Көтеріліс жасаған кәсіпкерлердің талабы орындалды. Ал, енді санитариялық талаптардың қаншалықты орындалатынын уақыт көрсетеді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТАНЫМ

«НҰРМАНОВТЫҢ» НҰРЛЫ ЖОЛЫ

ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫ АЯСЫНДА РЕСПУБЛИКАҒА ТАНЫМАЛ ОН ТӨРТ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТПЕН ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ «БЕЙБІТШІЛІК ӘЛЕМІ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТВОРЧЕСТВОЛЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ ПРЕЗИДЕНТІ АКАДЕМИК НҰРМАНОВ ӘБЕН АЛДАБЕРГЕНҰЛЫНЫҢ ӨНЕГЕЛІ ЕҢБЕК ЖОЛЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАЙМЫН. 2008 ЖЫЛДАН БЕРІ «БЕЙБІТШІЛІК ӘЛЕМІ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТВОРЧЕСТВОЛЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ, ПРЕЗИДЕНТІ ҚЫЗМЕТТЕРІН АБЫРОЙМЕН АТҚАРҒАН АЗАМАТТЫҢ 2019 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ЖЕТКЕН ҒИБРАТҚА ТОЛЫ ЖЕТІСТІГІ ТАРИХТЫҢ КӨЗІ - ШЕЖІРЕНІҢ ӨЗІ.

«Бейбітшілік Әлемі» Халықаралық Қазақ Творчестволық Бірлестігінің президенті, БҰҰ «Халықаралық Адам құқығын қорғау комитетінің» Қазақстан Республикасындағы өкілдігінің президенті, генерал – майор, Қазақстан және Еуразия Жазушылар Одақтарының мүшесі, Әлем Халықтары Жазушылар одағының мүшесі, ҚР Білім беру ісінің Құрметті қызметкері, экономика ғылымдарының докторы, профессор, академик Әбен Алдабергенұлы туралы ой толғаймын. Ол – қоғам қайраткері, ғалым, жазушы, ақын, драматург «Шоқан сағасы» атты 10 томдық (декатом) романының авторы. «Ғибрат» - философиялық ойлардың 100 томдық кітабын 2015 – 2018 жылдары жазып, Ш.Уәлихановтың ғылыми жобасын экспедициясын зерттеп, зерделеп, қазақтан шыққан тұңғыш әскери шенді офицер, ғалым, саяхатшы, тарихшы, географтың қазіргі жатқан жері Алтынемелге дейін барып, үш жыл жазған 100-томдық кітабының тұсаукесері Алматы қаласындағы Ұлттық кітапханада 2018 жылы өткізілсе, арада бес ай өткеннен кейін Ресей Федерациясының ұлы жазушысы Лев Толстойдың 190 жылдығы құрметіне арналған «Лев Толстой - адамзаттың мақтанышы – идеал человечества» атты 4 томдық роман – эпопеясын қазақ, орыс тілдерінде жазған. Осы кітаптың тұсаукесері Алматы қаласындағы Ұлттық кітапханада 2018 жылдың тамызында өтті. Бұл шараға басқа аудан, облыс, республикадан арнайы шақырылған қонақтардың қатысуымен жоғары деңгейде өткенінің куәсі болдық. Орыс тілінде жазылған кітаптың тұсаукесерін арнайы өткізу үшін, кітаптың авторы Ә.Нұрманов мырза бастаған Қазақстандық азаматтар Ресейдің, Тула қаласындағы Ясная Полянада, Лев Толстойдың тұрған үйін, мұражайын аралап көріп, Тула Мемлекеттік Педагогикалық Университетінің қолдауымен және Ә. Нұрмановтың ұйымдастыруымен 8-10 қыркүйек 2018 жылы көптеген азамат Тула қаласында өткізілген «Идеял человечество» кітаптың тұсаукесеріне барып, ел аралап, жер көріп қайтты.

Нұр-Сұлтан қаласында өткен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 27 жылдығына шақырумен барған Әбекең Президенттің қабылдауында болып, «Құрмет» орденді иегері төсбелгісін тақты. «Рухани жаңғыру» Ұлттық бағдарламасы және «Бейбітшілік әлемі» Халықаралық Бірлестігінің 10 жылдығы аясында – Еліміздің дамуына ерен еңбек еткен 100 ұлағатты ұстаздың, 100 ерекше оқушының, 100 өнегелі ата-ананың есімдерін егеменді елімізге таныстыру мақсатында кітап шығарылды. «Мәңгілік ел – Қазақстаным», «Тәуелсіздік – тірегім», «Ғылым және өмір», «Таланттар академиясы» атты оқушылардың ғылыми – теориялық конференциясын аудан, облыс, республика деңгейінде ұйымдастырып, елдің алғысына бөленген ұстаздардың ұстазы.

Жүзден аса атақ пен даңқтың иесі, аңыз адам Әбен Нұрмановпен бірге жұмыс істеп, ақыл – кеңесін тыңдап, бірге жүрген әріптестері өздерін бақыттымыз деп айтқан сөздерін талай естідім. Халықаралық 9 мемлекеттің жоғары оқу орындарының профессоры атағын алған, Кембридж Университеті ғалымдары қауымдастығының «Әлем ұстазы» атағының иегері, Алматы гуманитарлы – коммерциялық колледжі мен Халықаралық инновациялық технологиялық университетінің президенті. 1997-2018 жылдары жазған кітаптары, нақтырақ айтсам, 21 жыл ішінде 150-ден аса кітап қалың оқырманға жол тартса, экономика саласында 200-ден аса ғылыми мақалалар мен зерттеулердің авторы, 15-тен аса Халықаралық, Қазақстандық орден-медальдармен еңбегі бағаланып, марапатталған. Өз қаражатымен көптеген шет мемлекеттерді аралап, 3 рет қажылыққа барған, көпті көрген ғалым ұстаз, генерал-лейтенант шенді қарапайым – ел ағасы. Биыл ерекше аталып өтетін Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мерекесі қарсаңында 73-тен асқан ел ағасы Әбекең аттан түспей көлігін өзі жүргізіп өзінің сүйікті жұмысына, оқу білімге жастарды тәрбиелеуде күш жігерін арнаған «Әлем ұстазы». Кеңестер одағы кезінде ҚР-да белді қызмет атқарған танымал ел ағасы. Әбекеңнің әрбір жүріп өткен жолы мен жас ұрпақты тәрбиелеудегі еңбегі, өзінен кейінгілерге ғибратты ақыл-кеңесін айтудан жалықпайтын өнегелі ісі бәрімізге үлгі.

Әбен Алдабергенов мырзаның отбасына амандық, деніне саулық, жұмысына шығармашылық табыс тілеймін. Алла Тағала ұзақ ғұмыр берсін.

Әсет АЛЖАНБАЙ,
ардагер ұстаз.
ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ

МЕДИЦИНА

МЫҢ АЛҒЫС СІЗГЕ, АБЗАЛ ЖАН!

Кез келген адам өмір жолында ақ халатты абзал жандармен кездесіп, олардың ыстық ықыласы мен аялы алақандарының жылуын сезінеді. Олардың көмегімен тоқтаған жүрек қайта соғып, үзілген үміттер жалғанады.

Жас пен кәріге, жалпы адамзаттың бәріне көмек қолын созып, жанын қоярға жер таптырмай азаптаған ауруынан айықтырып, жанына - дауа, тәніне - шипа болардай ем беріп, сезінің тәттісімен, көзінің жақсысымен науқастың көңілін көтеріп, өмірге деген құштарлығын арттырып, ертелі-кеш ерінбей, ел үшін еңбек етіп, халықтың алғыс-сауабын арқалайтын ақ желенді абзал жандар.

Сондай жанның бірі, Сарқан аудандық ауруханасы директорының амбулаториялық емхана жөніндегі орынбасары Раушан Ахметжожинаға деген шексіз алғысымды білдіргім келеді. Осы бір абзал жанның арқасында өте ауыр халде ауруханаға түскен анамның беті бері қарады. Өзінің қамқорлығын аямаған Раушан Биахметқызына ыстық ықыласымды білдіріп, оның алдында басымды иемін. Айналасына қамқорлықтың нұрын шашып жүрген, дәрігер деген аса жауапты мамандықтың қадірін арттыра білген абзал жанның өлшеусіз еңбегіне жеміс тілеймін. Мың алғыс сізге, дәрігер!

Сабина ҚАЛИБЕКОВА

Дүйсенбі - Понедельник, 10 мамыр

ҚАЗАҚСТАН

06.00 02.35 Әнұран
06.05,02.45 Д/ф «Ұлы дала дүбірі»
06.30«Ақиқат пен аңыз»
07.40«Анаға апара жол»
08.20«Әндер мен жырлар»
10.00, 18.00 Т/х «Асау толқын»
12.00«Таусылмас тағзым»
13.20,02.20 «Қаһарлы күндер»
14.00«Шаншар»
15.15 «Джунгли кітабы»
17.10 «Қымбат жандар»
20.00 Әбділжаппар Әлқожаның концерті
22.30 «Махаббат мұнарасы»
23.55«Тәуіп Хо Жун»
00.50 «Жүзден жүйрек»

ХАБАР

06.00,02.00 ҚР Әнұран
06.00 «Бауыржан шоу»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00, 01.30 «Әсем әуен»
11.00 «Тайны.Судьбы.Имена»- Маншук Маметова
12.00 «Они сражались за Родину»
13.30 «Спасите наши души»
15.30Т/х «Бауыржан Мамышулы»
17.00 «Отчий берег»
19.15 «Ән әлемі»
20.00 Димаш Құдайбергеннің Киев қаласында өткен жеке концерті
22.00 «Спасти Ленинград»
23.30 «Офицерские жены»
00.30 «Остаться в живых»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30«Күлдірген»
07.00,03.05«Үздік әзілдер»
07.30,15.00 «Қазақстандықтар Кеңес Одағының батырлары»
07.40 «Союзмультфильм»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Тұмарым»
11.30, 21.00 Т/с «Қызым»
12.30,23.10 Т/х «Қайсар ханша»
14.00 «Айтарым бар»
15.10 «Гризли и лемминги»
15.30 «Близнецы-драконы»
18.00 Т/х «Ұрланған тағдыр»
20.00,01.10 Үздік әндер
00.20 «Қош келдіңіз»
02.00 «Біреудің есебінен» деректі драма
02.45 «KazNet»
04.35 «Q-travel»
05.05 «Отбасы»
05.30 «БІРЕГЕЙ»

ЕВРАЗИЯ

06.00Т/х «Аға»
06.40, 04.00«Той заказ»
07.40«Тамаша сіtу»
08.30,20.30«Диверсант»
12.30 «Белый тигр»
14.30 «Qoslike»
18.30,03.00«Басты жаңалықтар»
19.00 «Конец невинности»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
00.40 «Женская версия. Ваше Время и Стекло»
01.25 «Свадьбы и разводы»
02.15 П@утина
03.30 «Той базар»

КТК

07.05 ҚР Әнұраны
07.40 «Мәссаған»
08.50«Ән мен әнші»
09.50Т/х «Лилия»
12.00 «Через беды и печали»
15.40,02.05«Көкектің ұясы»
20.00,01.20 Астарлы ақиқат
21.00 «С волками жить...»
22.50 «Чума»
00.40 «Ф.И.Л.И.Н»
04.10-04.50 «Жимаудың жетістігі»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсемәуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Ковид-обзор»
19.28 «Тәуелсіздікжылнамасы»
19.30 «Әдебиет пен адамзат»
20.00 Д/ф «Мәдениқазыналар»
20.15 «Ковид-шолу»
20.30 Қорытындыжаңалықтар
21.00 Д/ф «Кеңауқымда»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Қорғансыз» телехикаясы 21-серия
22.50 «Әсемәуен»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00 Ризамын
06.00 «Армагеддон»
06.30 «Неге?»
09.00 «Ерекше шоу.Еркек үйдің еркесі»
11.00,23.30 Т/х «Ананди»
12.30«Два хвоста»
14.40 М/ф «Питер Пэн: апоисках магической книги»
16.30 «Три богатыря:ход конем»
18.30 «Слепая ярость»
20.10 «Сезон убийц»
21.50«Подстава»
01.00 Алдараспан,Нысана ,Шаншар әзілдері
03.30 1001 анекдот
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00«Қуырдақ»
06.30,04.30 «Айна-online»
07.30, 03.00«Зың-зың Күлпәш»
08.30«Құтты қонақ»
09.00«А зори здесь тихие»
13.00 «СЕРТ ПЕН СЕЗІМ»
15.30 «Q-елі»
16.00,01.00 Т/с «Крепосная»
17.00 «Психологини»
18.10,00.00 «Хорошие руки»
19.20 «Куба»
, 00.00 «Вдова»
21.00 «Няняman»
05.10 «Изоляция»
01.00 «Поледний легион»
03.30 «Ұлы дала жанұясы»
05.00 Т/х«Жеңіп көр»

Была утеряна карточка допуска на АТС DAF.xf.95.430 г.номер 080.pva.05 считать недействительной.

Сейсенбі - Вторник, 11 мамыр

ҚАЗАҚСТАН

06.00,03.00 Әнұран
06.05 Д/ф«Ұлы дала дүбірі»
06.25,13.00, 17.00, 20.00, 00.15 AQPARAT
07.00 «TANSHOLPAN» .
10.00, 18.00 Т/х «Асау толқын»
12.00 «Қызық екен...»
13.10 «Көңіл толқыны»
14.00,02.10 «Теледәрігер» . Тікелей эфир
15.00 «Жүзден жүйрек»
16.00 «Ауылдастар»
16.35 «Кайсар жан»
17.20 «Ораза қабыл болсын»
20.35 Т/х «Ахмет Ясауи»
22.30 Т/х «Махаббат мұнарасы»
23.20 Т/х «Тәуіп Хо Жун»
00.50 «Ashyq alan».
01.35 «Ораза қабыл болсын»

ХАБАР

06.00,02.00 ҚР Әнұраны
06.03 «Бауыржан -шоу»
07.00 «Таңғы хабар»
10.15,01.30 «Әсем әуен»
10.15,21.30 «Қолда я жолда»
12.15 Т/х «Бәсеке»
13.15 Т/х «Егіз жүрек»
15.00 Бүгін. Прямая трансляция
16.00 «Асыл қазына»
17.00 Т/х «Отчий берег»
18.00 «Оружейный барон»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 Баспанаға бағыт. Прямая трансляция
20.50 «как боролись с эпедемией в Казахстане»
21.00 Итоги дня
23.30 «Офицерские жены»
00.30 «Остаться в живых»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00 «Ұрланған тағдыр»,
08.00М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Тұмарым»
11.30, 21.00 Т/с «Қызым»
12.30, 23.10 «Қайсар ханша»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 «Гризли и лемминги»
15.30,03.50 Т/с «Интерны»
16.00,03.05 «Үздік әзілдер»
16.30 Т/х «Хանзада Жумонг»
18.00 Т/х « Мәриям»
20.00,01.10 ASTANA TIMES
20.55 Loto 5/36 Прямой эфир
00.20 ««Қош келдіңіз»»
02.00 «Біреудің есебінен» деректі драма
02.45 «KazNet»
04.35 «Q-travel»
05.05 «Отбасы»
05.30 «БІРЕГЕЙ»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Аға»
06.40,04.00 «Той заказ»
07.10,03.15 « Той базар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15 «112».. Тікелей эфир
14.30 «Qoslike». Тікелей эфир
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Конец невинности»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 «Подсудимый»
00.40 «Женская версия. Ваше Время и Стекло»
01.25 «Свадьбы и разводы»
02.15 П@утина

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Мерекелік концерт»
07.35Т/х « Жимаудың жетістігі»
08.30 Т/х «Улы тамшылар»
10.50 «Было дело»
12.20,23.40 «Чума»
14.10,21.40 «С волками жить...»
16.10,01.15 «Ф.И.Л.И.Н»
18.00 «Аманат»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 ,02.05 «Астарлы ақиқат»
02.45 «Көкектің ұясы»
03.50 Т/х «Жимаудың жетістігі»
04.00 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
04.30-04.50 «Мерекелік концерт»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсемәуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»
18.35 «Дәрігеркеңесі» / тікелей эфир/
19.20 «Ковид-обзор»
19.28 «Тәуелсіздікжылнамасы»
19.30 «Сегодня» /прямой эфир/
20.00 «Тәуелсіздіктұлғалары»
20.30 Қорытындыжаңалықтар
21.00 «Арнайы репортаж»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Қорғансыз» телехикаясы 22-серия
22.50 «Әсемәуен»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Ризамын
06.00 «Армагеддон»
08.20 «Паранойя»
11.00Т/х «Ананди»
12.30 «Подстава»
14.20 «Сезон убийц»
16.20 «Taxi»
17.20 Экстрасенсы-детективы
18.00 «Кел татуласайлық»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Повелитель солнца»
22.20 Т/х « Чужой»
01.00 Алдараспан,Нысана ,Шаншар әзілдері
03.30 1001 анекдот
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00 «Қуырдақ»
06.30,04.30 «Айна online»
07.30, 03.30 «Q-елі»
08.30«Құтты қонақ»
09.00 «Удивительные люди»
11.00,19.00 Т/х «Куба»
13.00,22.00 Т/х «Серт пен Сезім»
15.00 «Құтты қонақ»
15.30,21.30 Т/х «Няняman»
16.00 Т/х«Крепостная»
17.20,02.00 Т/х «Психологини»
18.20,00.00 Т/х «Хорошие руки»
21.30 «Изоляция»
03.30 «Ұлы дала жанұясы»
05.00 Т/х«Жеңіп көр»

Сәрсенбі - Среда, 12 мамыр

ҚАЗАҚСТАН

06.00 Әнұран
06.05 Д/ф«Ұлы дала дүбірі»
06.25, 17.00, 20.00, 00.35 AQPARAT
07.00 «TANSHOLPAN» .
10.00, 18.00 Т/х «Асау толқын»
12.00, 21.30 Т/х «Ахмет Йасауи»
13.00 «Қызық екен...»
14.00 «Теледәрігер» . Тікелей эфир
15.00 «Жарқын жүдесу»
16.00 «Ауылдастар»
16.30 «Тәуелсіздік тарландары»
17.20, 02.25«ОРАЗА ҚАБЫЛ БОЛСЫН!»
20.35, 01.35 «Ashyq alan». Тікелей эфир
22.30 Т/х «Махаббат мұнарасы»
23.20 Т/х «Тәуіп Хо Жун»

ХАБАР

06.0 «ХабарLine»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Әсем әуен»
10.15 «Қолда я жолда»
12.15 Т/х «Бәсеке»
13.15 Т/х «Егіз жүрек»
15.00 Бүгін. Прямая трансляция
16.00 «Асыл қазына»
17.00 Сериал «Отчий берег»
18.00 Мегахит «Игра смерти»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Индустрия»
21.00 Итоги дня
23.30 Т/с «Офицерские жены»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00 «Ұрланған тағдыр»
08.00, 14.15 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Тұмарым»
11.30, 21.00 Т/с «Қызым»
12.30, 23.10 Т/х «Қайсар ханша»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 М/ф «Гризли и лемминги»
15.30, 03.50 «Интерны»
16.10, 03.05 «Үздік әзілдер»
16.30 Т/х «Ханзада Жумонг»
18.00 Т/х «Мәриям»
20.00,01.10 ASTANA TIMES
20.55 Loto 6/49 Прямой эфир
00.20 ««Қош келдіңіз»»
02.00 «Біреудің есебінен» деректі драма
02.45 «KazNet»
03.50 Т/х «Алмасай»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «Бірегей»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Аға»
06.40,03.15 «Той заказ»
07.10,04.00 « Той базар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15 «112».. Тікелей эфир
14.30 «Qoslike». Тікелей эфир
18.30, 02.45 «Басты жаңалықтар»
19.00 Сериал «Конец невинности»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 «Подсудимый»
00.20 «Женская версия. Романтик СССР.»
02.00 «П@утина»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Жимаудың жетістігі»
08.20 Т/х «Улы тамшылар»
09.30 «Мерекелік концерт»
10.00 Новости
10.50 «Было дело»
13.30, 23.35 «ЧУМА»
14.10 «ХОРОШИЙ ПАРЕНЬ»
16.10, 01.15 «Ф.И.Л.И.Н»
18.00 «Аманат»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 ,02.05 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Если ты меня простишь»
02.50 «Әйел қырық шырақты»
03.50 Т/х «Жимаудың жетістігі»
04.40-05.20 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсемәуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Ковид-обзор»
19.28 «Тәуелсіздікжылнамасы»
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир/
20.00 «Алматы облысы - 20 жыл»
20.10 «Тұғырдағытұлға»
20.15 «Ковид-шолу»
20.30 Қорытындыжаңалықтар
21.00 «Экорейд»
21.20 «Спорт»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Қорғансыз» телехикаясы 23-серия
22.50 «Әсемәуен»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын (каз.)
06.30 «Армагеддон»
07.20 Информбюро (повтор)
08.50, 14.10 «Восьмидесятые»
09.50 «Экстрасенсы-детективы»
11.00, 23.30 Сериал «Ананди»
12.30 Сериал «Күн әміршісі»
16.30 «Такси»
17.00 What s Up?
18.10 «Большой папа»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Повелитель солнца»
22.20 Т/х «Чужой»
03.10 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
04.30 1001 анекдот
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00 «Қуырдақ»
06.30,04.30 «Айна online»
07.30,05.30,02.30 «Q-елі»
08.00,15.00 «Құтты қонақ»
09.00 «Удивительные люди»
11.00, 19.20 Сериал «КУБА»
13.00,22.00 Т/х «Серт пен Сезім»
15.00 «Құтты қонақ»
15.30,21.30 Т/х «НЯНЯMAN»
16.00,01.00 Т/х «Крепостная»
17.00,02.00 «Идеальная семья»
18.00, 00.00 «Хорошие руки»
21.30 «Изоляция»
03.30 Т/х «Ұлы дала жанұясы»
05.10 Т/х «Жеңіп көр!»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КӨЗҚАРАС

ОТАН ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

МАМЫРДЫҢ ЖЕТІНШІ ЖҰЛДЫЗЫ ЕЛІМІЗДЕ ОТАН ҚОРҒАУШЫ КҮНІ РЕТІНДЕ АТАП ӨТІЛЕТІНІ БАРШАҒА АЯН. ЕГЕМЕН ЕЛІМІЗДІҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ ТЕРБЕЛУІ, ҰЙЫСЫП ОТЫРҒАН ШАҢЫРАҒЫМЫЗДЫҢ ШАЙҚАЛМАУЫ ҮШІН БҮГІНГІ ТАҢДА ҚАРУЛЫ КҮШТЕР ҚАТАРЫНДА ӘСКЕРИ БОРЫШЫН ӨТЕП, ЕЛІМІЗДІҢ ТЫНЫШТЫҒЫ ЖОЛЫНДА ҚЫРАҒЫ КҮЗЕТТЕ ТҰРҒАН ЖӘНЕ КЕЗ КЕЛГЕН СӘТТЕ ОТАНЫН ҚОРҒАУҒА ДАЙЫН ТҰРАТЫН АЗАМАТТАРЫМЫЗДЫҢ ТӨЛ МЕРЕКЕСІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

Тәуелсіздігін жариялағанына отыз жылдай ғана уақыт болған жас мемлекетіміздің келешегінің кемелді, болашағының баянды болуын қамтамасыз ету жас ұрпақтың үлесінде екені белгілі жай. Сондықтан өз отанын сүйіп, оның байлықтары мен игіліктерін көзінің қарашығындай сақтап, қорғауға әркез дайын тұратын жастарды тәрбиелеу басты міндет болып табылады. Жас ұрпақты шыңдап өсіру, білікті азамат болып қалыптасуын қамтамасыз ету – бүгінгі таңда ең басты мақсат болып табылады. Өйткені еліміздің болашағы жас ұрпақ – ұлттық санасезімі оянған, адамгершілігі және рухани ойлау дәрежесі жоғары дамыған, мәдениетті, парасатты, арожданы мол, салауатты, бойында жоғары патриоттық санасы, өз елі үшін мақтаныш сезімі қалыптасқан азамат етіп тәрбиеленуі тиіс. «Отан от басынан басталады» дейді халқымыз. Демек, бала тәрбиесі – Отан мен ел мүддесі. Бүгінгі өскелең ұрпаққа ғаламдастыру дәуірінде өз халқының төл мәдениеті, тілі мен салт-дәстүрін әр оқушының бойына сіңіре отырып, отансүйгіштікке баулу қазіргі тәрбие жүйесінің өзекті мәселесі екені даусыз.

Әрине, халқымыздың қасиетті құндылықтарының мазмұны мен құрылымын қалыптастыру – көпқырлы, серпінді және біршама күрделі үдеріс. Жастардың адамгершілік келбеті жаңа әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларда жасалады. Мұндайда бізге керегі де ұлттық құндылықтарға деген құрмет. Солардың ішінде, алдымен Мемлекеттік рәміздерге деген құрметті әрқайсысымыз өзіміздің жүрегімізге ұйытып, жастарымыздың құлағына, жүрегіне, сана-сезіміне де сіңірсек қана олар Отанының нағыз патриоты болып өседі. Мемлекеттік рәміздерге деген құрмет – елге, жерге, Отанға деген құрметті білдіреді.

Әр халықтың, әрбір қоғамның төл мәдениетіне ұмтылатын және сонымен тәрбиеленетін құқықтар жүйесі бар. Егер Қазақстанның жастары осы құндылықтарды сезінуде өзара жақындасса, әрі егер осы құндылықтар жастардың іс-әрекеттері мен ой-өрістерінің бейнесін белгілейтін болса, онда бұл бұқара халықтың еркін интеграциясын, әркениетті нарық, құқықтық және демократиялық мемлекет жолындағы жалпы адамзаттық мүдделерді және жалпы гуманистік негіздегі әркениетті дамуды білдіреді. Осылайша, лайықты отан қорғаушыларды тәрбиелеуді баланың қаршадайынан бастап, құлағына құйып, санасына сіңіріп отырсақ, оның келешекте парасатты азамат болып қалыптасатыны айдан анық.

Ш. ХАМИТОВ.

ПОЭЗИЯ

ЖЫР ӘЛЕМІ



ҰМЫТ ҚАЛҒАН АРДАГЕРГЕ

Есімде, бала кезде көршім болды,
Болғанмен жасы үлкен, досым болды.
«Бойымыз бірдей екен» деп мазақтап,
Күлгенім балалықпен ерсі болды.

Ағаның айтар сырын, ойын білмей,
Алыптың аласарған жайын білмей.
Артық сөз айтып қойдым жан ауыртар,
Мақтанып, сенімен деп, бойым бірдей.

Сол досым, тән азабын көрген екен,
Майданнан мүгедек боп келген екен.
Жан беріп, жан алысқан сұм соғыста,
Тізеден екі аяғын берген екен.

Қоларба жүріп-тұрар көлігі еді,
Көлікте көңілді боп көрінеді.
Кеш бата, дөңбекшумен ұзақ түнге,
Жарасы жанға батып, егіледі,
Сүрлеу жол байқамай қап бұралаңын,
Көрдім мен қоларбадан құлағанын.
Ағаны арбасымен тұрғызуға,
Сол кезде шамам жетпей жылағанмын.

Өтірік айтсам мәз боп, шын көретін,
Бір сәтке көңіліне мұң енетін.
Қыл есіп, алақанға түкіріп ап,
Қайыстан таспа тіліп күн көретін.

Жүрегі толы еді кешірімге,
Тізімнен бола ма оны, өшіруге.
Артында іздеушісі жоқ деді ме,
Тақтаға жазылмапты есімі де...

Жасынан әңгімеге құмар інің,
Өзіңе арнап отыр дұға-жырын.
Ұрпақтар ауысқанмен, жадымызда,
Жаңғырып, асқақ рухың тұрар бүгін.

БІР ҮЗІК СЫР

«Түрің құрсын!» – деді жеңгем қалжыңдап,
«Аман жүрсін!» – деді шешем сабыр сап.
Түр құрыды, арса-арса, әжім боп,
Аман жүрмін, кеткенім жоқ жазым боп.

«Адам болмас!» – деді бастық шіренген,
Құйытып кеп астындағы күреңмен.
Қартайсам да жүрмін әлі адам боп,
Қалғаным жоқ, анау айтқан жаман боп.

«Ө-әй, осыдан маңыз шығып, мандымас!» –
Деп айналып кетті талай замандас.
Сол бір жандар жақсы сөзін қимаған,
Білмеді ғой, боларымды сыйлы адам...

ҚЫРМЫЗЫ ҚЫРДА ӨСКЕН БІР ҚЫЗҒАЛДАҚ

Күй кернеп көңіл көгін шалқытып ән,
Жастық шақ бас айналып бақытынан.
Бір үйге төрт-бес атты түсе қалдық,
Қымызға қанбақ болып бал татыған.

Баптаған саржайлауда сары қымыз,
Төгіліп иығынан бұрым жалғыз.
Жанары жалт еткенде өртеп өтер,
Есімнен кетер емес әлі сол қыз.

Айнала шуақ шаша нұрға бөлеп,
Өскендей бір қызғалдақ қырда бөлек.
Көңілім жас арудың кірпігінің,
Дірілін қалт жібермей ұрлап әлек.

Дәм татып, шеттеу қонған сол бір үйден,
Аттандық көтеріңкі көңіл күймен.
Жас ару сәл мұңая қарап тұрды,
Тотыққан ашаң жүзі күнге күйген.

Ару қыз алдан бақыт тосады ма,
Ақша бұлт арманының қосағы ма.
Артыма қыймастықпен қарай-қарай,
Бет алдым өз отбасым, ошағыма.

ТАРПАҢ ЖЫР

Жарқ ете түн түндігін түріп тастап,
Тентек ой таңғы ұйқыны қуып тастап.
Қасымнан шыр айналып шыққаған соң,
Отырмын тұлпар жырға құрық тастап.

Сезсем де жыр киенің тарпаңдығын,
Тисін деп шапағаты салқам жүгін.
Беліме көтере алмас шоқпар байлап,
Мойныма ақындықтың артам жүгін.

Жыр тұлпар ұстамақ боп таңдап тұрып,
Ұйқысыз отырғанда таңды атырып.
Бір үйір тарпаң жосып өте шықты,
Көңілдің көк дөненін шаң қаптырып.

АҚЫН ҚЫЗҒА

Әдемісің ақын қыз, әдемісің,
Көңіл күйдің шалқыған әуенісің.
Сезім қылын шертетін жырларыңмен,
Ертегінің ғажайып әлемісің.

Әлемісің ғажайып ертегінің,
Көркіңе сай риясыз еркелігің.
Назға толы жырларың кейде бір сәт,
Жабырқаған көңілдің шертер мұңын.

Көз тартқандай сымбаты елден ерек
Жыр киесі аруды жүрсін жебеп.
Жүрегіңнен шыққан сөз жүректерге,
Алтын арай шуақты нұрын себед.

Әдемісің ақын қыз, әдемісің,
Жаралғандай жыр жауһар әлемі үшін.
Бұл өмірдің ащысы, тұщысы да,
Мұқалтпасын қауырсын қалам ұшын

«ӨМІР - ФИЛЬМ»

Жылдар өтер, сағым жетер сарғайған,
Күй күмбірлеп, көңілің де салмайды ән.
Тек естелік еске салып өткенді,
«Елес - фильм» сериялына айналған.

Түрлі - түсті, кейде сұрғылт бұл фильм,
Бірде күліп, бірде ренжіп, бұртидым.
Сан мыңдаған эпизодтан құралған,
Көңілімде сақталумен тұр фильм.

Өмір жазған сценарий томы көп,
Шаттыққа да, драмаға толы көп.
Әркім содан - «Өз фильмін» жасамақ,
Уақыт бітіп, жазылғанша: - «СОҢЫ» - деп.

Қыдыр БАЙДҮЙСЕНОВ

МАМАН МІНБЕРІ

АТҚА МІНУ МӘДЕНИЕТІ

Елбасы «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында : «атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағаны күллі әлемге тарихтан белгілі» – деп жазып кеткен болатын. Еуразия даласында б.з.б. ІІ-ІІІ мыңжылдыққа тән энеолит дәуіріне жататын Ботай ескерткішіне 1981-1983 жылдар аралығында профессор Виктор Зайберттің жетекшілігімен қазба жұмыстары жүргізіліп, жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгені дәлелденді.

Одан басқа, Орта қола дәуіріндегі Арқайым ескерткіштері, сондай-ақ Қазақстанның барлық аймақтарынан кездесетін арий, сақ, ғұн кезеңдерінің ескерткіштері ежелгі Қазақстанда жылқының қолға үйретіліп қана қоймай, әдет-ғұрыптық рәсімдердің ажырамас бір бөлігіне айналғанын көрсетеді. Жылқының қолға үйретілуі атқа міну мәдениетінің негізін қалады.

Ежелгі түркі тілдес 3,5 мыңжылдық тарихы бар қазақ халқында ат тек көшіп қону көлігі ғана болмай, соғыс көлігі ретінде де болған. Халықтың дүниетанымында, ділі мен тілінде жылқыға қатысты өзгеше философиялық және мәдени жүйе қалыптасқан. Көшпелі қазақ халқында адам мен оның жан серігі атына біртұтас әлем ретінде қарағанын, адамның азамат қатарына қосылуының өзін ат жалын тартып мінді деп бейнелеген. Сыйлы қонаққа ат мінгізу, күйеу жігіттің қалыңдық алуына алғаш барғанда ат байлауы, ұрыс кезінде жау қоршауында қалған қолбасшыға ат сүйек беріп құтқару дәстүрлері жылқының қазақ халқының шаруашылығында ғана емес, әлеуметтік өмірінде де үлкен мәнге ие болғанын білдіреді. Қазақ халқы жылқыны ең алдымен ел қорғаны ердің жан серігі деп дәріптеген. Елімізде тәуелсіздік алған жылдардан бері ата кәсібіміз – жылқы шаруашылығын дамыту қайтадан қолға алынып, жылқыны ондап, жүздеп, мыңдап өсіретін шаруалар, кәсіпкерлер қатары өсіп келеді. Қазақтың ежелгі ат ойындары ат бәйгесі, көкпар, теңге ілу, қыз қуу, аударыспақ, жамбы ату сынды ұлттық ойындарымыз қайта жаңғыру үстінде.

Дарын ҚАСЕНОВ,
Алматы облыстық М.Тынышпаев атындағы тарихи-өлкетану музейінің қызметкері.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СОҒЫС ТУРАЛЫ ЖЫРЛАР

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ КЕҢЕС ОДАҒЫ ТҰСЫНДАҒЫ ТАЛАЙ АҚЫН-ЖЫРШЫЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА АРҚАУ БОЛДЫ. МҰНЫҢ ІШІНДЕ ЕЛ МЕН ЖЕРДЕ ЖҮРІП, ЖЕҢІСКЕ ТІЛЕКТЕС БОЛҒАН ҚАЛАМГЕРЛЕР ДА, АЛАСАПЫРАН МАЙДАНДА ҚАН КЕШІП ЖҮРІП ОТАНЫН, ХАЛҚЫН ЖЫРЛАҒАН АҚЫНДАР ДА БОЛДЫ. ТЕҢІЗДІҢ ТАМШЫСЫНДАЙ ҒАНА ЕТІП, СОЛАРДЫҢ БІР ПАРАСЫН ҰСЫНЫП ОТЫРМЫЗ.

Солдат Шинелі

Уа, сұр шинель, сұрапыл кезеңдерде,
Өрт кешіп талай хутор, селендерде,
Жасқанбай жауған оққа қарсы ұмтылып,
Сен кешкен жүздік дүлей өзендерде.

Тобырсып тобығымнан сорғалап су,
Сіресіп сыртында мұз,
Бұрқырап бу,
Жат жерлікті жапыра ілгері озып,
Кезекті ердің үстіне орнаттық ту.

Кейде жаудың сыртына кеттік өтіп,
Төкседе оқ боранын нөсерлетіп,
Жел қағып желкілдеген етегіңді
Минаның жарқыншағы жатты тесіп.

Жерім жоқ бас сауғалап, жан қорыған,
Кейде "тіл" алып қайттық жау орынан,
Жүзім суық,
Түсіндей сұрғылттанды,
Көзімде түн күзетіп жол торыған.

Көзіне батыл қарап сұм ажалдың,
Сескенбей мен әрқашан алға бардым,
Солдаттық көкрегіме қалқан боп сен,
Жүрегімді қатерден қорғап қалдың.

Жүргенде намыс отын оқпен көсеп,
Болдың сен әрі жастық, әрі төсек,
Көзге ұйқы тығылса қар үстінде
Қалғыдым етегіңді астыға төсеп.

Автоматты төсіме қысып жардай,
Жата кетсем бүрісіп бойым жазбай,
Денемді сен қыздырып сала бердің,
Жардың жібек көрпесін жамылғандай.

Уа, сұр шинель, сұрапыл кезеңдерде,
Жүзерміз әлі талай өзендерде,
Жат жерлікті жайратып, азаттықтың
Тігерміз туын талай селендерге.

Ворошиловград, 1943

Әбу СӘРСЕНБАЕВ

Соғыстан қайтқан солдаттар

Жаутаңдап қарап дала тұр,
Көз жасын сүртіп жаңа бір.
Хабарсыз ұлын сұрауға,
Жолыңды тосып ана жүр.
Қанша үйдің ұрлап адамын,
Қанша үйде сөніп қалды оттар.
Көрдің бе ұлын ананың,
Соғыстан қайтқан солдаттар?

Кешікпей жарым келер деп,
Төрінен сайлап орынды.
Батысқа қарап еленден,
Ару жүр тосып жолыңды.
Көтерді бәрін ауырдың,
Азамат болып арды ақтар.
Көрдің бе жарын арудың,
Соғыстан қайтқан солдаттар?

Кетерде солдат жарының,
Ішінде қалған ана жыл.
«Көкемді айтпай танырмын», -
Деп бір сәби бала жүр.
Қайрылмай қалай кетесің,
Хабарсыз қалай ол тоқтар?
Көрдің бе оның көкесін,
Соғыстан қайтқан солдаттар?

Сырбай МӘУЛЕНОВ

Жеңіс солдаты

Соққанда жылына бір Жеңіс күні
Жанының жазылғандай кеңістігі,
Қарт солдат өз полкінің туын ұстап,
Білдірмей жалғыз аяқ кемістігін.

Алаңға шығушы еді таңғы шақта,
Полктас бауырларын сан құшақтап.
Сүйісіп, амандасып болғаннан соң,
Қасқайып тұрушы еді алғы сапта.

Соңынан тізілетін жауынгерлер,
Отанның әр тұсынан келген ерлер,
Жарқырап өңірінде ордендері,
Бір кезде алып берген елге бедел.

Бір кезде алып берген елге Жеңіс,
Сабаздар бірте-бірте келмей тегіс,
Жыл санап сирек тартып бара жатты,
Сарқылып сабасынан бейне теңіз.

Қырық жыл, қырық қатар жиналысқан
Сағынып, бір-біріне түу алыстан.
Туған жер аспанында айқұш-ұйқыш
Жол қалып, қарт бүркіттер зулап ұшқан.

Кездесіп тоғызыншы май мейрамында,
Алысқан ғарасаттың майданында.
Еске алып ескі жорық асуларын,
Қанатын қараушы еді жайған туға.

Ал бүгін... Өзге полк солдаттары
Қатарға тұрып жатыр аңдап бәрі...
Олар да түгел емес, сиреп кеткен
Кешегі бір-бір үйдің шаңырақтары.

Жалғыз тұр жалғыз аяқ мына солдат,
Төмендеп, көтерілмей туы аспандап,

Жалғыз тұр...
Әлі келген бір адам жоқ,
Жаңғырып дуылдайды тулап жан-жақ.
Сағаттар зырылдайды, ағады уақыт,
Өмірдің баянсызын баяндатып,
Байлайды бір орында қарт солдатты,

Әлі де қайран үміт алаңдатып.
Жоқ ешкім. Күн еңкейді, жұрт азайды...
Қанатын түн жетектегі бұлт та жайды.

Еңіреп қоя берді бетін басып,
Солдаттың бар үмітін жұтты қайғы.
Дегендей "бұлттан бұрын мен жауайын",
Көз жасын соңғы тамшы қан жуайын.

Дегендей солқ-солқ еткен кеудесінен
Көк тасқа тамды қасірет, тамды уайым.
Қайтадан сол тамшыны бір сіміріп,
Қараған өзге жұртты күрсіндіріп,

Көп талған күні бойы жалғыз аяқ
Кешкі ымырт қойнауына кетті кіріп.
Дейтіндей мезгіл емес - ертең-бүгін
Еске алдым қырық төрт жыл өткендігін.
Дәл бүгін сол солдаттай ұққан жан жоқ
Жалғанда жалғыздықтың не екендігін!

Ғафу ҚАЙЫРБЕКОВ

КӨҢІЛ ПЕРНЕСІ

АҒАҒА САҒЫНЫШ

СОҒЫС БАСТАЛҒАНДА АНАМ – ХАДИША ТАПАЕВА ТҰЛЫМШАҒЫ ЖЕЛБІРГЕН КІШКЕНТАЙ ҚЫЗ ЕКЕН. ЖАЛҒЫЗ АҒАСЫ ЕГІЗБАЙ НЕБАРЫ 18 ЖАСЫНДА ҚАН МАЙДАНҒА АТТАНЫПТЫ. АҒАСЫН СОҒЫСҚА АЛЫП КЕТЕРДЕ СОЛДАТТАР МІНГЕН ЖҮК КӨЛІГІНІҢ СОҢЫНАН АУЫЛДЫҢ БОРПЫЛДАҚ ҚҰМЫН ШАҢДАТА ҚУАМЫН ДЕП ҚҰЛАҒАНЫ ДА ӘЛІ КҮНГЕ ЖАДЫНДА. «СОЛ КЕЗДЕ АҒАМДЫ СОҢҒЫ КӨРІП ТҰРҒАНДАЙ, БАЛА КӨҢІЛІМ БІРТҮРЛІ КҮЙДІ КЕШІП ЕДІ» ДЕП ӨТКЕНДІ ЕСКЕ ТҮСІРГЕНДЕ АНАМНЫҢ ЖАНАРЫ ЖАСҚА ТҰНЫП САЛА БЕРЕДІ.



Ағасы сол кеткеннен қайтып оралмапты. Анасы, апамыз – Даңғара өмір бойы жалғыз ұлының жолын күтумен өткізген. Ағасын сағынғанда анамыздың оның құдды бір есіктен кіріп келердей күй кешетін сәттері де аз емес.

Бүгінде ауылымыздың орталығында соғыстан оралмағандар үшін «Белгісіз солдатқа» арналған ескерткіш бар. Дәл сол тақтаға анамыздың ағасының аты ойып жазылған. Ал, Тапайдан қалған жалғыз қыз – менің анам өзі өсіріп жеткізген жеті баласын байлығына теңеп, балаларының, немерелерінің басын қосып, әр жылғы Жеңіс күні мерекесінде ауылдағы ескерткішке барып, тағзым етіп, құран бағыштайды. «Ағама туған жердің топырағы да бұйырмады» деген ойды: «олар – Отан үшін от кешті, жас өмірлерін кейінгі ұрпақ үшін қиды ғой» деп ұштастырады.

Шешем арыстай ұлын соғыстан аман келер деп күткен анадан қалған жалғыз тұяқ. Сондықтан ол үнемі: «адам баласының басына бермес қасірет енді қайталанбаса, аналар балаларын жоқтамаса, балалар анасын зарықтырмаса, қамықтырмаса екен деп дұға етумен келеді...

Забираш САРЫБАЕВА,
Ж. Бәрібаев атындағы орта мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.
ҚАРАСАЙ АУДАНЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БОЯМАСЫЗ

МАЙДАНГЕР АЛТЫНАЙ АПАМЫЗ ЖЕТІМДІКТІҢ, АШАРШЫЛЫҚТЫҢ, СОҒЫСТЫҢ АЗАБЫНА ЕШ МОЙЫМАҒАН АДАМ. ОНЫҢ ӘР ЖҮРІП ӨТКЕН ЖОЛЫ ҰРПАҚҚА ҮЛГІ. БАСЫНА ТҮСКЕН ҚИЫНДЫҚҚА БЕРІЛМЕЙ ЖҮРІП, ӘЙЕЛ БОЛСА ДА ЕРДІҢ ЖҰМЫСЫН АТҚАРҒАН АПАМЫЗДЫҢ СОҒЫС ТҰСЫНДА ПАРАВОЗ ЖҮРГІЗГЕНІН ОНЫҢ ӨМІРІНЕН ХАБАРДАР ӘРБІР ЖАН ЖАҚСЫ БІЛУІ ТИІС. ҚОС ҒАСЫРДЫҢ ШЕЖІРЕСІ АТАНҒАН АПАМЫЗБЕН АРНАЙЫ ЖОЛЫҒЫП, ӘҢГІМЕЛЕСУДІҢ РЕТІ ТУДЫ. ПАРАВОЗШЫ АПАМ ҚАН МАЙДАННЫҢ ЖАН ТҮРШІГЕР СӘТТЕРІНЕН КӨП ДҮНИЕНІ БАЯНДАҒЫСЫ КЕЛГЕНІМЕН КӨП СӨЙЛЕСЕ ШАРШАП ҚАЛАТЫНЫН АЙТҚАН ОНЫҢ ҚЫЗЫ ҚЫЗЖІБЕК АНАСЫНЫҢ БАСЫНАН КЕШКЕНІН, ӨЗІ ЕСТІП, БІЛЕТІН ОҚИҒАЛАРДЫҢ БІРАЗЫН ТІЗБЕКТЕП АЙТЫП БЕРДІ.

ПАРОВОЗШЫ АПАНЫҢ ӨМІРІНЕН ҮЗІК СЫР

...Басқұншақ деген жерде ең алғаш паровозға шабуыл жасалыпты. Төбеден тұтқиылдан ұшып келген ұшақ паровозға тақап тұрып, бомбалар лақтырған. Паровоз жанып барады, жауынгерлер біртіндеп секіре бастағанда қаршадай қыз сасқалақтап, не істерін білмей тұрып қалады. Жан-жақтан шулап «секір» деген дауыстан соң есін жиып, секірген екен. Басын төмен қаратып, шөп арасына жасырынған белі қатпаған шынашақтай бойжеткеннің жүрегі дүрсілдеп, құдды бір ажалмен бетпе-бет келгендей күйге еніпті.

* * *

...Одессадан келген II Украин завком дивизиясының жалғыз ұлымен жұмыс жасапты. Көмірмен жүретін паровозға күніне 16 тонна көмірді күрекпен лақтырып жағу үшін кезекке екеуі тұрған. Үздіксіз күректі пайдаланудың салдарынан белі қатпаған қыздың саусақтары ер адамның қатты қолындай тас болып қалады. Әбден қолдары ауырып өзінің бір күндік кезегін аяқтап, демалайын десе, әлгі завком дивизиясының жалғыз ұлы: *«Аня, мен шаршап тұрмын. Менің кезегімді бүгін тағы сен атқаршы»* деп теріс қарап жатып алады екен. Осындай әділетсіздікті байқап, ұйқы қысса да поездің тоқтамауы үшін 16 тоннамен арпалысқа түскен қыздың бұл ісі теңдессіз ерлік.

Апаның айтқандарынан:

**Біздің әскерлерге дайындап қойған асты жаулар алып кететін, тамақ ішпей қалатын аш күндеріміз көп болды.*

**Қолаң шашымды поезден аққан май цементтей қатырса да, қазақылығымды сақтап, белден асатын шашымды қимадым.*

**Германия тұрғындары тазалықты басты назарда ұстайтын еді. Қанша қырғын болып жатса да үйлердің терезелері жылтырап тұратын. Олар бомбалап кеткен жерді лезде тазалап, қалыпқа келтіріп отыратынын да көрдім.*

**Тазалықпен қатар бір-біріне деген құрмет те басым еді. Себебі, соғыстың кесірінен су құбырлары жарылғандықтан бір жерде ғана аққан суды ұрыспай-керіспей, қанша шөлдесе де ұзын-сонар кезекке тұрып, күтіп тұрған адамдарды көрдім.*

Жазып алған: А. ӘСКЕРБЕК.

ЖҮРЕК СӨЗІ

САРҒАЙҒАН СОЛДАТ ХАТТАРЫ

«Майданнан хат», осы бір сөзде қаншама сыр, елге деген сағыныш бар десеңізші. Адамзат басына төнген тажалды тойтармаққа тас-түйін бекініп артына қарай-қарай кете барған талай боздақтың бойтұмары. Өмір мен өлім арасында от кешіп жүрген жауынгерлердің сағынышты сәлемдерін арқалап жететін хабаршысы. Сол бір жапырақ қағазды бүкіл ауыл жиылып оқып, бір жылап, бір қуанып мауқын баспаушы ма еді?

Сол бір жапырақ қағазда қаншама ықылас, қымбат сезім, елді, туған жерді сағынған солдат саусағының ыстық табы тұнып тұр. Өзі болмаса да сөзі. Жүректің қанымен жазылғандай ақ қағаз бетіне мөлдірей төгілген жауынгер хатының әрбір сөйлемін тебіренбей оқу мүмкін емес. Мұндай майдан даласынан келген сарғайған хаттарды бүгінде көп ретте мұражайлардан ғана көретін болып жүрміз. Бүгінде біз сіздермен соның бірі, жерлесіміз Ф.Поповтың отбасына жазған хаттарымен бөліскелі отырмыз.

* * *

«Амандық хабар. Қымбатты анашым, әкешім және Аня! Қалдарың жақсы ма? Мен бүгін бөлімшеде болғандықтан хат жазып отырмын. Уақыт тар болғандықтан хат жазу мүмкін емес. Бүгін осы жерде тұрсаң, ертең басқа жердесің. Сіздер де хатты көп жаза бермеңіздер. Мен ол хатты ала алмаймын да. Сондықтан сіздерге айтарым, мені көп ойлай бермеңіздер. Менен хат көп келмей кетті-ау деп қамықпаңыздар. Құдайдың басқа салғанын көрерміз.

* * *

Қымбатты Аня! Хатты окоп ішінде жазып отырмын. Өмірім арпалысу, соғысу жағдайында өтуде. Тап қазір ауа райы өте қолайсыз, қара суық, қар аралас жауынның астында, бір Жаратушының қамқорындамын, анық айтар болсам, хәлім мәз емес, адамшылық тыныштық өмірден кеттік. Әрдайым күйзеліс үстінде, уайыммен жүрудемін. Кейде ойлаймын, егер мен үйде осындай жағдайда 2-3 күн өмір сүрсем, сырқаттанып қалар едім, ал қазір соғыста өзіме таңданамын, қандай жағдай болса да шыдамдылық танытып, төтеп берудемін. Бірақ сұрапыл соғыс бізден денсаулықты, адамшылықты, бізде бар қасиеттерді алып кеткендей. Қымбаттым, еш етпес, жеңіс туының желбіреуіне аз қалды, әлі ақ жеңіске жетіп, аман қалсам отбасымен қауышармын деген сенімдемін. Сәлеммен сағынышпен құша сүюші Филя. 1944 жыл, желтоқсан айы.

* * *

Сіздерден алты ай болды, хабар білмеймін. Өздеріңізден хат алсам, бір сөйлескендей болар едім. Менен амандық білмек болсаңыздар деним сау, тамақ тоқ. Әзір аманбыз. Тірі болсақ, елді де көретін күн болар...

* * *

Бәріне бірдей хат жазуға уақыт тар. Денсаулықтың арқасында басқа түскен қиыншылықтың қандайын болса да жеңіп, жүріп жатқан жайым бар. Амал қанша, Құдай аманшылықпен жолықтырсын....

Міне, осылайша жалғасып кете берер жауынгер хаттары кезінде елде қалған жақындарына қаншама қуат, қамыққанда көңілге шуақ сыйлады десеңізші. Әр түрлі мәнде жазылғанымен барлығына ортақ ұқсастық – уайым –қайғыға берілмеуі, сыртынан тілеулес болып отырған бауырға ауыр күйді білдірмеуге тырысқан азаматтықтары мен жан тазалықтары. Басын қатерге тігіп, ажал оғының ортасында жүрседе үрей шақырмай, үйдегі қалғандарға үлкен жігер бере білуі байыпты ұстамдылықтың үлгісіндей. Майдан даласынан жеткен үшбұрышты хабар әманда амандықты ғана білдірмейді. Қайғы –қасіретті де арқалап жетіп бүтін бір отбасын аңыратып кететін жағдайлар да көп болған. Сонымен қатар, сыртына мөр басылған далалық почтамен талай жерді шарлап жететін сағыныш сәлемі қаншама жүндей үгіліп кете жаздаған жүйкенің иесіне қайрат пен қуат сыйлап, ақылына ақыл қосты, үмітті үмітке жалғаған болатын. Мұның бір жарқын дәлелі – сарғайған жауынгер хаттары.

Ұлы Отан соғысы әрбір адамның жүрегінде өшпес із қалдырды. Миллиондаған адам өмірін қанды қырғынға ұшыратқан сол бір соғыс дауылының алапат кезеңін бүкіл адамзат еске алумен келеді. Небір «тар жол тайғақ кешуден өткен» ардагерлер ел басына күн туғанда тобығынан қан кешіп, қар жамылып, мұз төсенгенін, бүгінгідей бейбіт күнді ұрпаққа әперу үшін бастарын бәйгеге тіккенін қалай ұмытарсың?! «Бәрі де Отан үшін, бәрі де майдан үшін» деп шайқасып, байтақ елдің маңайына жауды жуытпаған кешегі өрімдей жастар елімізді, жерімізді көздің қарашығындай қорғап, қан төгілген майдандарда алдыңғы шепте жүрді. Олардың халық қамы үшін көрсеткен ерліктері, өздерін құрбандыққа шалғаны кейінгі ұрпақтар санасына жалынды жігер, өр намыс, өшпес өнеге сыйлары анық. Мейлі қай дәуір, қай мезгілде болсын, ұлтымыздың ұлылығын айғақтар асыл қасиеттері біз үшін зор мақтаныш. Отан үшін еткен еңбегі мен төгілген қаны миллиондаған совет халқының жүрегінде мәңгілік сақталады.

Жүздеген жыл өтсе де олардың ұмытылмастай жауынгерлік істері тарихтан орын алып, жас ұрпаққа сабақ болуда. Жауынгер жазбаларымен таныстыру әрбір музей қызметкерінің қажетті міндеті деп білемін. Осының өзі келешек буынды патриоттық бағытқа, Отансүйгіштікке тәрбиелеудің тағылымды тетігі десе де артық болмас....

Ж. ТАУЕТОВА,
М.Тынышпаев атындағы Алматы облыстық тарихи-өлкетану музейінің бөлім меңгерушісі.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЛЮДИ

ЧЕРЕЗ ТЕРНИИ

Сегодня мы поговорим о человеке, рожденном в обычной семье и ставшим исторической личность Казахстана.

Хосай Абраимов проделал долгий путь, устланный жизненными трудностями, взлетами и падениями, подобная «жизненная школа» позволила ему стать тем, кем он является сейчас: профессор Академии военных наук РФ, в нашей стране таких единицы, доцент военных наук, писатель, член союза журналистов РК, автор 25 книг и 65 научных статей, двух монографий. Научный руководитель девяти дипломников. В свое время служил зам. командующим округом, зам. начальника Военного научного центра МО. Имеет семь правительственных наград.

К ЗВЁЗДАМ...

Полковник Абраимов прошел через многое и его биография является примером для современного человека. История полковника началась в таком теперь далеком 1952 году.

«Общество тогда с трудом приходило в себя после войны. Мне очень повезло, ведь я родился в интеллигентной семье, получил хорошее воспитание. Мой отец был майором, прошел ВОВ, дед полковник царской армии, отличный пример для юноши. Отец являлся довольно обеспеченным человеком по меркам советского поселка разумеется, никогда не упускал возможности помочь тем, кто испытывал трудности, не осуждая людей, просто помогал.Я горжусь тем, что доброе сердце моих родителей и по сей день вспоминают в моем родном поселке»,– вспоминает Хосай Касымович.

Династия военных продолжилась на молодом солдате. В 1972 году его призвали в ряды советской армии, судьба распорядилась так, что служить пришлось довольно далеко от отчего дома.

«Постигать военное ремесло меня отправили в город Фрунзе, КиргССР. Не скажу, что было легко, но в процессе своего «обучения» так скажем, я много узнал и понял. Это было начало моего долгого пути от простого солдата до полковника», – говорит он.

Помимо военной службы в жизни полковника Абраимова всегда важную роль играло образование и саморазвитие.

«После военной службы, я захотел освоить новую профессию – журналист. К тому времени у меня уже было одно образование, полученное еще до призыва. Но как известно, человеку необходимо развиваться, а к репортерству лежало сердце.Тогда я поехал осваивать новую профессию в большой город Алматы», – рассказывает полковник.

Спустя несколько лет гражданской жизни господина Абраимова вновь призвали на военную службу.

«Меня призвали как востребованного специалиста. На этот раз мое образование дало мне новые возможности и мне удалось совместить две профессии. Я стал репортером в газете «Казахстан сарбазы».

Быть военным корреспондентом – это большая ответственность и удача одновременно»,– вспоминает он.

За годы упорной работы полковник получил полезный опыт, который в последствии позволил стать главным редактором «Отан сақшысы».

«Жизнь подкидывает разные сюрпризы и невозможно сделать точный прогноз на будущее. Я военные и горжусь этим, но я много лет посвятил науке.

В 2004 году меня назначили на должность начальника отдела в Военно-научном центре при Национальном университете обороны (г.Щучинск), а спустя несколько лет я защитил свою диссертацию», – делиться господин Абраимов.

Как и любому военному Хосаю Касымовичу пришлось много путешествовать по стране в силу своих новых назначений.

«Я много переезжал, каждая новая должность давала возможность пожить в новом городе. Стоит отметить, иногда было не легко и мне, и моей семье. Дети тоже были вынуждены путешествовать вместе со мной. Мой длинный путь привел меня в Алматы, в город с которого когда-то все началось»,– вспоминает полковник.

В 2011 году полковник стал преподавать в военно-инженерном институте радиоэлектроники и связи МО РК, а после нескольких лет работы стал проректором по воспитательной работе в университете им. Д.А.Кунаева.

«В силу возраста меня отправили на заслуженную пенсию. Сейчас я с удовольствием преподаю на кафедре журналистики и филологии в Жетысуйском университете, ведь я еще и журналист. Обучать студентов мне нравится, да и молодежь вокруг не дает стареть»,-рассказывает профессор.

Совсем недавно Хосай Касымович попал на страницы книги «100 имен военных ученых Казахстана».

«Это несомненно большое достижение. Я стал исторической личность. Но знаете какое самое главное мое достижение в жизни? Это моя семья!»,– говорит полковник.

Дети полковника Абраимова пошли по стопам своего знаменитого отца и выбрали военное ремесло.

«Мои дети решили, что хотят постигать военное ремесло. Моя дочь Гульжан майор, магистр юридических наук, вторая дочь - Айжан военный психолог, старший сержант.

Сын стал лейтенантом, а племянники: Торехан-подполковник, Калихан - капитан.

Мой родной брат Досай тоже военный, а совсем недавно ему вручили орден «Курмет». Внуки мои еще совсем маленькие, но кто знает…может и они захотят изучать военное дело!»,– с улыбкой рассказывает он.

Полковник Абрамов настоящий патриот, посвятивший свою жизнь служение Родине. Именно глядя, на таких людей понимаешь, насколько важно воспитывать в молодом поколении любовь к своей стране и благородство.

К. ПФАЙФЕР.

Бейсенбі - Четверг, 13 мамыр

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.40 Әнұран
06.05 «Дала еркениеті».
06.25, 13.00, 17.00, 20.00,00.15 Aqparat
07.00 «Tansholpan».
10.00, 18.00 Т/х «Асау толқын»
12.00 «Қызық екен»
13.10, 21.30 Телехикая «Ахмет Йасауи».
14.00 «Теледәрігер».
15.00 «Қымбат жандар»
16.00 «Ауылдастар»
16.30 «Тұлға»
17.20 «ОРАЗА ҚАБЫЛ БОЛСЫН!»
20.35,00.50 «Ashyq alan».
22.30 «Махаббат мұнарасы»
23.20 Т/х «Тәуіп Хо Жун»
00.50 Футбол

ХАБАР

06.00, 02.00 Әнұран
06.00 «Бауыржан шоу»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Әсем әуен»
10.15, 21.30 «Қолда я жолда»
12.15 «Бәсеке»
13-15,23,30 «Егіз жүрек»
15.00 «Бүгін». Тікелей эфир
16.00 «Асыл қазына»
17.00 Сериал «Отчий берег»
18.00 Мегахит «Ограбление: код 211»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Біздің назарда»
21.00 Итоги дня
23.30 «ОФИЦЕРСКИЕ ЖЕНЫ»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00 «Ұрланған тағдыр»
08.00, 14.15 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Тұмарым»
11.30, 21.00 Т/с «Қызым»
12.30, 23.10 Т/х «Қайсар ханша»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 М/ф «Гризли и лемминги»
15.30, 03.50 «Интерны»
16.10, 03.05 «Үздік әзілдер»
16.30 Т/х «Ханзада Жумонг»
18.00 Т/х «Мәриям»
20.00,01.10 ASTANA TIMES
20.55 Loto 6/49 Прямой эфир
00.20 ««Қош келдіңіз»»
02.00 «Біреудің есебінен» деректы драма
02.45 «KazNet»
03.50 Т/х «Алмасай»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «Бірегей»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Аға»
06.40,03.15 «Той заказ»
07.10,04.00 « Той базар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15 «112».. Тікелей эфир
14.30 «Qoslike». Тікелей эфир
18.30, 02.45 «Басты жаңалықтар»
19.00 Сериал «Конец невинности»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 «Подсудимый»»
00.20 «Женская версия. Романтик СССР.»
02.00 «П@утина»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х « Жимаудың жетістігі»
08.20 Т/х «Ұлы тамшылар»
09.30 « Мерекелік концерт»
10.00 Новости
10.50 «Было дело»
13.30, 23.35 «ЧУМА»
14.10 «ХОРОШИЙ ПАРЕНЬ»
16.10, 01.15 «Ф.И.Л.И.Н»
18.00 «Аманат»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 ,02.05 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Если ты меня простишь»
02.50 «Әйел қырық шырақты»
03.50 Т/х «Жимаудың жетістігі»
04.40-05.20 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсемәуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ауырылпем іздегенше»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»
18.35 «Дәрігеркеңесі» /тікелей эфир/
19.20 «Ковид-обзор»
19.28 «Тәуелсіздікжылнамасы»
19.30 «Сегодня» /прямой эфир/
20.00 «Зейнепапаныңәңгімелері»
20.15 «Ковид-шолу»
20.30 Қорытындыжаңалықтар
21.00 «Жетісуадалдықаланы»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Қорғансыз» телехикаясы 24-серия
22.50 «Әсемәуен»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын (каз.)
06.30 «Армагеддон»
07.20 Информбюро (повтор)
08.50, 14.10 «Восьмидесятые»
09.50 «Экстрасенсы-детективы»
11.00, 23.30 Сериал «Ананди»
12.30 Сериал «Күн әміршісі»
15.20, 22,20 «Чужой»
16.30 «Такси»
17.00 «Экстрасенсы-детективы»
18.00, 01.00 «Кел, татуласайық»
19.50 «Сөздің шыны керек»
20.00 Информбюро
21.00 «Повелитель солнца»
03.10 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
04.30 1001 анекдот
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00 «Қуырдақ»
06.30,04.30 «Айна online»
07.30,05.30,02.30 «Q-елі»
08.00,15.00 «Құтты қонақ»
09.00, 02.00 «Регина +1»
10.00, 17.00 «Идеальная семья»
11.00, 19.20 Сериал «КУБА»
13.00,22.00 Т/х «Серт пен Сезім»
15.30 Т/х «НЯНЯMAN»
16.00,01.00 Т/х «Крепостная»
17.00,02.00 «Хорошие руки»
21.30 «Изоляция»
03.30 Т/х «Ұлы дала жанұясы»
05.10 Т/х «Жеңіп көр!»

Жұма - Пятница, 14 мамыр

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Д/ф «Дала еркениеті»
06.25, 13.00, 17.00, 20.00Aqparat
07.00 «Tansholpan»
10.00, 18.00 Т/х «Асау Толқын»
12.00«Қызық екен»
13.10, 21.30 «Ахмет Ясауи»
14.00 «Теледәрігер»
15.00 «Әлем айнасы»
15.20 «Заң және біз»
15.50 «Тұлға»
16.15, 17.20 «Егіз лебіз» талант-шоу
20.35 «Ashyq alan»
22.30 Т/х «Махаббат мұнарасы»
23.20 Т/х «Тәуіп Хо Жун»
00.20 «Parasat maidany»
00.50 «Ashyq alan»
01.40 «Теледәрігер»
02.30 «Ауылдастар»

ХАБАР

06.00 «Бауыржан-шоу»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00, 01.15«Әсем-әуен»
10.15, 21.30«Қолда я жолда»
12.15 Т/х «Бәсеке»
13.15 Т\х «Егіз жүрек»
15.00 «Бүгін»
16.00 «Асыл қазына»
17.00 «Отчий берег»
18.00 «Старые счеты»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Народный контроль»
21.00 «Итоги дня»
23.30 «Офицерские жены»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»концерттік
06.30 «Күлдірген»
07.00 Т/х «Ұрланған тағдыр»
08.00М/ф «Маша и Медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Тұмарым»
11.30, 21.00 Т/х «Қызым»
12.30, 23.10 Т/х «Қайсар Ханша»
14.00 «30 лет Независимости»
14.05 «Өмір – дастан»
14.25 М/ф «Гризли и лемминги»
15.30, 03.50 «Интерны»
16.10, 03.05 «Үздік әзілдер»
16.30 Т/х «Ханзада Жумонг»
18.00 Т/х «Мәриям»
20.00, 01.10 «Astana times»
20.55 Loto 5/36
00.20 «Қош келдіңіз»
02.00 «Біреудің есебінен»
02.45 «KazNet»
04.35 «Q-travel»
05.05 «Отбасы»
05.30 «Бірегей»

ЕВРАЗИЯ

06.00Т/х «Аға»
06.40 «Той заказ»
07.10, 03.35 «Той базар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово!»
12.00 «Жди меня» Казахстан»
13.00 «Заң сөйлесін»
14.00 «112»
14.15 «112»
14.30 «Qoslike»
18.30, 03.05 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Пендеміз ғой»
20.00 «Главные новости»
20.30 «Поле чудес»
21.55 «Подсудимый»
01.30 «Длк-ток»
02.20 «П@утина+»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.50, 03.20Т/х «Жимаудың жетістігі»
08.30 Т/х «Ұлы тамшылар»
10.00 «Новости»
10.40 «Было дело»
12.20 «Чума»
14.10 «С волками жить...»
16.10, 01.15 «Ф.И.Л.И.Н»
18.00 Т/х «Аманат»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 2.00 «Дау-дамайсыз»
20.35,02.25 «KTKweb»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Танцы на песке»
02.45 Т/х «Көкектің ұясы»
04.00 Кешкі жаңалықтар
04.30, 04.50 «КТК»Қоржынынын»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсемәуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ауырылпем іздегенше»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Ковид-обзор»
19.28 «Тәуелсіздікжылнамасы»
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир/
20.00 Д/ф «Мәдениқазыналар»
20.15 Ковид-обзор
20.30 Қорытындыжаңалықтар
21.00 Д/ф «Кеңауқымда»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Әнтындайық» (онлайн-концерт)
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын
06.30 «Армагеддон»
07.30 «Сөздің шыны керек»
07.40, 20.00 Информбюро
09.40 «Восьмидесятые»
09.50, 17.00 «Экстрасенсы-детективы»
11.00, 23.30 «Ананди»
12.30 «Күн әміршісі»
14.10 «What'sup?»
14.30 М/ф «Принцесса и дракон»
16.30 «Такси»
18.00, 01.00 «Кел татуласайық»
19.50 «Оқиға орны»
21.00 «Повелитель солнца»
22.20 «Чужой»
02.30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
03.30 «1001 анекдот»
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00«Қуырдақ»
06.30, 04.30«Айна-online»
07.30, 03.00 Скетчком«Q-елі»
08.30, 15.00«Құтты қонақ»
09.00, 02.00 «Регина+1»
10.00 «Идеальная семья»
11.00 «Куба. Личное дело»
13.00, 22.00 Т/х «Серт пен сезім»
15.30 Т/х «Няняman»
16.00 «Орел и решка»
17.00 «Дизель-шоу»
17.25 Шоу «Маска»
20.45 «Jaidarman cup»
00.00 Х/ф «Приличные люди»
03.30 Т/х «Ұлы дала жанұясы»
05.10 Т/х «Жеңіп көр»

Сенбі - Суббота, 15 мамыр

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Д/ф «Дала еркениеті»
06.30, 03.25«Асырлар үні»
07.00«Aqparat»
07.35 Д/х «Алтай табиғаты»
08.00 Д/ф «Ұзақ ғұмыр құпиясы»
09.00 М/ф: «Ақсақ құлан», «Момын мен қаракшылар», «Тазша бала», «Құйыршық»
10.00, 18.00 Т/х «Асау толқын»
12.00«Айтыс»
14.00, 02.50 «Тәуелсіздік тәуекелдері»
14.35 Концерт «Достығымыз жарасқан»
17.00 «Жарқын жүздесу» ток-шоу
20.00, 02.15 «Masele»
20.30, 23.00«Егіз лебіз» талант-шоу
22.30, 23.15 Т/х «Махаббат мұнарасы»
00.15 К/ф «Король сезі»

ХАБАР

06.00 «Олжалы отбасы»
06.30 М/ф: «Күш атасы - Қажымұқан», «Киелі Қазығұрт»
07.30 «Өзін-өзі тану»
07.40 «Әсем әуен»
08.15 Т/х «Ауылдастар-2»
10.00 «Tangy fresh»
11.00«Девочка и лисенок»
12.45 «Чужое гнездо»
14.45 «Қарлығаш ұя салғанда»
16.15 Шоу «Маска»
18.00 «Алтыбақан»
19.00 «Қызық times»
20.15 «Отдел журналистких расследований»
21.00 Ақпарат арнасы «7 күн»
22.00 «Хабарлас»
23.00 «Охотники на ведьм»
00.45 «Ерлік»

АСТАНА

06.00, 05.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00, 04.10 «Үздік әзілдер»
08.00 М/ф «Маша и Медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Тұмарым»
11.30, 21.00 Т/х «Қызым»
12.30, 23.10 Т/х «Қайсар Ханша»
14.00 Х/ф «Иван Васильевич меняет профессию»
16.00 «Алдараспан»
18.00 Т/х «Мәриям»
20.00 «Из первых уст»
20.25 «100 сұхбат»
20.55 «Loto 6/49»
00.20 Х/ф «Заложник»
02.20 «Azil keshi»
03.20 Той жыры
03.50 «KazNet»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Вне времени»
06.45 «Той базар»
07.40 «Тамаша City»
08.30 «Чужая милая»
12.10 «Фабрика грез»
12.30«Анна»
16.20 «Лучше всех»
18.00, 03.45«Basty Bagdarlama»
18.35 «Ең алғашқы...»
20.00 «Главная тема»
20.30 «Парламент online»
20.55«У вас будет ребенок»
00.50 «Новый человек-паук»
03.00 «П@утина+»
04.15 «Той заказ»

КТК

07.05 «Әйел қырық шырақты»
07.50Т/х «Үлкен үй-2»
08.45 «Қыз қылығы»
09.00 «Басты рөлде»
09.30 «KTKweb»
10.00 «Смеяться разрешается»
11.30 «Танцы на песке»
15.00 Т/х «Тұмар»
19.20 «Асыл ана»
21.00 «Большие новости»
22.00 «Авантюра»
01.30 «Ф.И.Л.И.Н»
02.15 К/ф «Али, Вали, Ғали, Насиба қайда?»
03.20, 04.05 Т/х «Тұмар»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсемәуен»
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Спорт тайм»
11.00 «Тәуелсіздіктұғалары»
11.30 «Экорейд»
11.45 «Спорт»
12.00 «Әкелердіңәңгімесі»
12.35 «Зейнепапаныңәңгімелері»
13.00 «Арнайы репортаж»
13.30 «Жетісуадалдықаланы»
14.00 «Олжа»
14.30 «Ұлтқұндылығы»
15.00 «Белоснежка» ертегісі
16.00 «Әнтындайық» (онлайн-концерт)
16.30 Д/ф «Кеңауқымда»
17.00 «Зерде»
17.45 «Ауырылпем іздегенше»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.30 «Қателік»
19.15 «Әсемәуен»
19.30 «Жүрексезі»
20.05 «Сильные духом»
20.30 Қорытындыжаңалықтар
21.00 «Единый народ»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Теория Z»
22.50 «Әсемәуен»
23.00 Новости

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын
06.40 «Армагеддон»
07.40 «Оқиға орны»
07.50 «Информбюро»
09.00 «Готовим с Аделъ»
10.00 «Bala Battle»
10.40 «Тәтті шоу»
12.10 «Ян Гуфей»
13.10 «What'sup?»
13.20 М/с «Тимон и Пумба»
14.30 М/ф «Красные туфельки и семь гномов»
16.30 Х/ф «Шпион, который меня кинул»
18.50 Х/ф «Герой»
21.00 «Полный Блэкауд»
22.00 «Неге?»
23.30 «Музыкалық сағат»
01.10 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
03.30 «1001 анекдот»
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Гу-гулет»
06.30, 05.00 «Айна-online»
07.30Скетчком «Q-eli»
08.30, 03.00 «Япырай»
09.00 «Регина+1»
11.00 «Дизель-шоу»
12.00 «Орел и решка»
13.00 Х/ф «Приличные люди»
15.00 Концерт группы «Ringo»
16.30 Т/х «Няняman»
18.45 «Jaidarman cup»
20.00 Т/х «Зың-зың Күлпәш»
20.45 Шоу «Ну-ка все вместе!»
23.00 Х/ф «Ямакаси»
01.50 «От пен су»
05.30 «Қуырдақ»

Жексенбі - Воскресенье, 16 мамыр

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 02.50«Дала еркениеті»
06.30 «Tolagai»
07.25 «Сағындырған әндер-ай»
08.25 Д/ф «Ұзақ ғұмыр құпиясы»
09.25 «Masele»
08.25 К/ф «Мәншүк туралы дастан»
10.00, 18.00 Т/х «Асау толқын»
12.00 «Егіз лебіз»
14.15 М/ф «Етік киген мысық»
15.40 Нұрболат Абдуллиннің концерті
17.10, 02.00 «Қымбат жандар»
20.00, 01.10 «Apta»
22.30 Т/х «Махаббат мұнарасы»
00.05 «Әзіл әлемі»
03.15 «Аулдастар»

ХАБАР

06.00 «Олжалы отбасы»
06.30 М/ф: «Түркістан», «Оқсыз оқиғасы»
07.30 «Самопознание»
07.40«Әсем әуен»
08.15 Т/х «Ауылдастар-2»
10.30 «Хронограф»
11.00 «Как устроена вселенная»
12.45 «Чужое гнездо»
14.50 Т/х «Қарлығаш ұя салғанда»
16.30 «Алтыбақан»
17.30, 19.00 «Қызық times»
18.30 «Мәжіліс.kz»
19.15 Шоу «Маска»
21.00 Ақпарат арнасы «7 күн»
22.00 «Большая неделя»
23.00 «Pro sport»
23.30 «Khabar boxing»
01.00 «Әзіл кеші»

АСТАНА

06.00 Қаламгер
06.30, 05.10 «Үздік әзілдер»
07.30 Х/ф «Иван Васильевич меняет профессию»
09.10 М/ф «Маша и Медведь»
10.00 «TeleBingo»
10.25, 22.00 Т/х «Тұмарым»
12.00, 21.00 Т/х «Қызым»
13.00, 23.10 Т/х «Қайсар Ханша»
14.30 Х/ф «Такси-4»
18.00 Т/х «Мәриям»
20.00«Тәуелсіздік жолы»
20.25 Үздік әндер
20.45 Аялы алақан
00.20 «Bas times»
01.30 «Астана кеші көңілді»
03.30 «KazNet»
03.50 «Әзілстан» жасарын камера
04.10 «Ән мен әзіл» концерттік

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Вне времени»
07.00 «Той базар»
07.50 «ТамашаCity»
08.45 «Воскресные беседы»
09.00 «Жизненные обстоятельства»
13.00 «Обними меня»
15.30 «Точь-в-точь»
18.00 «Біздің ел»
18.35 «Кеш жарық, Қазақстан!»
20.00 «Аналитика»
20.55 «У вас будет ребенок»
01.00 «Что?Где?Когда?»
02.10 «П@утина+»
02.55 «Біздің ел»
03.25 «Той базар»
04.10 «Той заказ»

КТК

07.05 «Әйел қырық шарақты»
07.50 «Асыл ана»
09.30 «Смеяться разрешается»
11.20 «Авантюра»
15.00 Т/х «Тұмар»
17.10 «Девушка с глазами цвета неба»
21.00 «Портрет недели»
22.00 «Несмешная любовь»
23.50 «Ф.И.Л.И.Н»
02.10 К/ф «Шомурад пен дурдона»
03.30, 04.05 Т/х «Тұмар»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсемәуен»
07.30 «Әсемәуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Әдебиет пен адамзат»
11.00 «Зерде»
11.40 «Алматы облысы - 20 жыл»
11.45 «Әсемәуен»
12.00 «Жүрексезі»
12.35 «Зейнепапаның әңгімелері»
13.00 «Қателік»
13.40 «Единый народ»
14.05 «Әсемәуен»
14.30 «Теория Z»
15.00 «Йоринда и Йорингель» ертегісі
16.00 «Әнтындайық» (онлайн-концерт)
16.30 Д/ф «Кеңауқымда»
17.00 «Қазақүні»
17.35 «Полицейская служба»
17.45 «Ауырылпем іздегенше»
18.00 «Спорт-тайм»
18.20 Ауарайы
18.24 «Олжа»
19.05 «Ұлтқұндылығы»
19.30 «Әкелердіңәңгімесі»
20.15 «Тәуелсіздікжылнамасы»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Мой папа скрудж»
00.20 Әнұран

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын
06.30, 00.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
07.10 «Армагеддон»
08.20 «What'sup?»
08.50 «Bala Battle»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 М/с «Тимон и Пумба»
12.10, 21.00 «Ян Гуфей»
13.10 М/ф «Принцесса и дракон»
15.00 Х/ф «Шпион, который меня кинул»
17.30 Х/ф «Шпион по соседству»
19.20 Х/ф «Туристы»
23.00 «Полный Блэкаут»
03.30 «1001 анекдот»
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00, 04.15 «Гу-гулет»
06.30, 05.00 «Айна-online»
07.30 Скетчком «Q-eli»
08.30 «Япырай»
09.00 «Юмор! Юмор! Юмор!»
15.50«Избранница»
15.00 К/ф «Жан балам»
17.40, 02.45 Т/х «Suikimdi stories»
18.50 Т/х «Изоляция»
21.00 Х/ф «Мачо и Ботан-2»
23.15 Х/ф «Волк с Уолл-стрит»
05.30 «Қуырдақ»

БЖЗҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2021 ЖЫЛДЫҢ 1 СӘУІРІНЕН БАСТАП БЖЗҚ-дан АЙ САЙЫНҒЫ ТӨЛЕМДІ ЕСЕПТЕУДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ ӨЗГЕРЕДІ

БЖЗҚ-дан төленетін ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 қазандағы № 1042 қаулысының (Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру Әдістемесіне 2-қосымша) ережелеріне сәйкес есептелген зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасының он екіден бір бөлігі ретінде айқындалады. Бұл ретте БЖЗҚ-дан ай сайынғы зейнетақы төлемі ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70% кем емес мөлшерде жүзеге асырылады. (Бұрын БЖЗҚ-дан ай сайынғы зейнетақы төлемі ең төменгі күнкөріс деңгейінің 54% кем емес мөлшерде жүзеге асырылған болатын).

Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру Әдістемесіне сәйкес 2021 жылдың 1 сәуірінен бастап зейнетақы төлемдерін жүзеге асырудың бірінші жылындағы зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасы зейнетақы жинақтары сомасының зейнетақы жинақтары төлемдерінің мөлшерлемесіне көбейтіндісі ретінде есептелетін болады – 6,5 %.

Одан кейінгі жылдары ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері өткен жылғы ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшерін зейнетақы төлемдерін индекстеу мөлшерлемесіне жыл сайын арттыру жолымен қайта есептелетін болады – 5%.

Мысал келтірейік:

ЗЖ сомасы = 6 000 0000 теңге

Бірінші жылдағы зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасы: 6 000 000*6,5%=390 000 теңге;

Бірінші жылдағы ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері: 390 000/12 ай =32 500 теңге;

Екінші жылға арналған ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері: 32 500+ 32 500*5%=34 125 теңге.

Бұдан басқа, зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру Әдістемесінде белгілі бір санаттарға жататын, яғни мерзімсіз уақытқа белгіленген 1 немесе 2-топтағы мүгедектігі бар, сондай-ақ, жинақтары міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен кемінде алпыс ай жинақталатын зиянды және қауіпті өндірістерде жұмыс істеген алушылар үшін түзетілетін арттыру коэффициенттері көзделген. Бұл ретте, жоғарыда көрсетілген шарттардың біреуін ғана емес, одан да көбін қанағаттандыратын тұлғалар үшін ең үлкен мәнге ие түзету коэффициенті қолданылады.

Айта кету керек, зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асырудың аталған Әдістемесі 2021 жылдың 1 сәуірінен бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу құқығын 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін іске асырған адамдарға зейнетақы төлемінің жыл сайынғы мөлшері ең төмен зейнетақының отыз еселенген мөлшерінен кем болмайды (2021 жылы 30 х 43 272= 1 298 160 теңге). Төлемдер бұрын таңдалған кесте бойынша жүзеге асырылады.

Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асырудың жаңа Әдістемесіне сәйкес, БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу құқығын 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап 2021 жылғы 31 наурызға (қоса алғанда) дейін іске асырған адамдарға 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап ай сайынғы зейнетақы төлемдері 5% мөлшеріндегі зейнетақы төлемдерін индекстеу мөлшерлемесіне ұлғайтылатын болады, ол кейіннен жыл сайын индекстеліп отырады.

Осылайша зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асырудың жаңа Әдістемесі алушылардың еңбек жағдайлары мен денсаулығының ерекшеліктерін ескереді, сондай-ақ, БЖЗҚ-дан берілетін жыл сайынғы төлемдер мөлшерін ұлғайтуға ықпал ететін болады.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүзеге асырылады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

ЖИНАҚТАРЫ ЖОҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ ШОТТАРЫН ЖАБУ ТУРАЛЫ

«БЖЗҚ» АҚ Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 12 ақпандағы № 27 қаулысымен бекітілген Салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы (ЖЗШ) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын есепке алуды жүргізу қағидаларының 2021 жылдың 01 наурызынан бастап күшіне енгені туралы хабарлайды. Бұған сәйкес ЖЗШ зейнетақы жинақтары болмаған жағдайда 1 (бір) ай өткен соң жабылады.

Осылайша БЖЗҚ-да бұрын ашылған, оның ішінде адам жұмысқа тұрып, шот ашуға өтініш берген немесе зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан, бірақ қандай да бір себептермен аударымдар жасай алмаған жағдайларда, сондай-ақ, зейнетақы жинақтары болған және зейнетақы жинақтарының барлық сомасы төленіп, аударым жүзеге асырылған ЖЗШ-ларға төлем не аударым жасалғаннан кейін 1 (бір) ай ішінде зейнетақы жарналары түспеген жағдайларда мұндай ЖЗШ жабылады.

01.02.2021 жылы БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтары жоқ шоттардың саны шамамен 121 мың бірлік.

Естеріңізге сала кетейік, 2019 жылдан бастап БЖЗҚ-да міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есепке алынатын ЖЗШ ашу үшін жеке тұлғаға өтінішті рәсімдеу мақсатында БЖЗҚ-ға жүгінудің қажеті жоқ. Шот алғашқы жарна келіп түскен кезде БЖЗҚ ақпараттық жүйесінде автоматты түрде ашылып, жеке тұлғаны сәйкестендіру зейнетақы жарнасын аудару кезінде төлем тапсырмасының электрондық форматында көрсетілген дербес деректер бойынша жүзеге асырылады. Ал қолданыстағы құжаттық деректемелері мен өзге де деректемелері туралы барлық қажетті мәліметтерді БЖЗҚ мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алады. БЖЗҚ «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясынан электрондық хабарлама алған күннен бастап салымшы МЗЖ есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қосылған болып есептеледі.

Жұмыс беруші жарналарды бірінші жалақыдан МЗЖ сомасын ұстап қалған кезден бастап аударады, яғни МЗЖ-ны «нөл» (есепке алатын жинақтары жоқ) шоттардың туындауына жол берілмейді.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ

САПАЛЫ БІЛІМ – БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

Адамзат үшін білім ордасы қашанда қасиетті саналатыны баршамызға аян. Осы орайда қырық жылдан астам уақыт ұрпақты біліммен сусындатқан Жетісу өлкесінің қара шаңырағы саналатын І.Жансүгіров атындағы университетінің орны ерекше. Университеттің қазақ поэзиясының інжу-маржанын дүниеге әкеліп, ақындықтың құлагері атанған І.Жансүгіров есімімен аталуы да кездейсоқ емес.

Жарты ғасырға жуық уақыт ішінде өзіндік ғылыми және оқу-әдістемелік мектебі қалыптасып, бүгінде әлемдік стандартқа сай Болон декларациясының ұстанымдарына сәйкес білім беру жүйесін қабылдаған аймақтағы ірі ағарту орны болып табылады. Университет ректоры Қуат Маратұлы Баймырзаевтың жетекшілігімен жоғары білім саласындағы қажетті инновациялық мамандар даярлау мәселесіне ерекше көңіл бөлінуі бұл қара шаңырақтың республикалық деңгейде беделді позицияны иеленуіне мүмкіншілік беріп отыр.

Бастауы тереңде жатқан жаратылыстанудың ғылым-білім саласы І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің келешекке кемел біліммен аттанатын бағыттарының бірі. Жерінің асты мен үсті байлыққа толы қазынаны игеруде техника мамандарының орны ерекше. Қазақ жерінің қазынасын әлемге әйгілі еткен Қаныш Сәтбаев, Әлекей Марғұландардың ізбасарлары осы техника бағытында білім алатынын ескерсек, осы сала ұстаздарының арқалаған жүгінің қаншалықты ауыр және жауапты екендігін мойындамасқа амал жоқ. Жетісу университетінің бүгінгі техникалық факультеті екі үлкен аграномия және техникалық пәндер, ақпараттық-қатынастық технологиялар кафедрасынан тұрады. Агрономия және техникалық пәндер кафедрасында студенттер «агрономия», «экология», «стандарттау және сертификаттау», «қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» және «ауылшаруашылық экологиясы» мамандықтары, ақпараттық-қатынастық технологиялар кафедрасында «ақпараттық жүйелер», «информатика» және «компьютерлік жүйелер архитектурасы» мамандықтары бойынша білім нәрімен сусындайды. Факультетте студенттердің сапалы білім алуына толыққанды жағдай жасалған. Заманауи қондырғылармен жабдықталған зертханалар жұмыс жасайды. Заттың құрылысы мен құрамын нано деңгейде зерттеуге мүмкіндік алған аталмыш факультет студенттеріне кешегі Менделеев пен Ломоносовтар қызыға қарайтынына еш күмән жоқ. Содан да болар, техникалық факультетінің студенттерінің ғылымға деген қызығушылығы өте зор.

Жалпы, студенттерді ғылымға тартуда оқытушының орны ерекше. «Ұстаздық қылған жалықпас, үйретуден балаға» қағидасын қатаң ұстанатын факультет оқытушылары өздерінің білімдерін студенттермен бөлісуден аянған емес. Факультет «Қатты тотықты ионды өткізгіштердің электрофизикалық қасиеттерін зерттеу», «Алматы облысы биосфера компоненттерінің экологиялық жағдайы», «Есту қабілеті төмен балаларға арналған мамандандырылған мектептерде оқу үдерісінің тиімділігін арттыру үшін мобильді технология құралдары мен робот техникасын пайдалану тәсілдерін зерттеу» және тағы басқа ғылыми бағытта зерттеулер жүргізеді. Факультет студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстары республикалық, халықаралық деңгейде ұйымдастырылған олимпиадалар, конференциялар мен конкурстарда жүлделі орындарға ие болып, жоғары дәрежелі дипломдармен марапатталды.

Факультеттегі оқу үрдісі заман талабына сай жабдықталған зертханаларда өткізіледі. Студенттер теориядан алған білімдерін зертханалық жұмысты орындау арқылы шыңдап, ілім-білімдерін бекітіп, жетілдіреді. Білім алушыларға факультетте әлемдік тіл мәртебесіне ие болып, қазіргі ғылым тілі атанған ағылшын тілін меңгеруге қолайлы жағдай жасалған. Тілді жетік меңгерген студенттер үшін академиялық мобильділік жолымен білім алуды шетелде жалғастыруға толық мүмкіндік бар. Осы орайда факультетте қарқынды жұмыс жүріп, әлемдік алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарымен серіктестік орнаған.

Оқу үрдісінде студенттің іс-тәжірибеден өтуі, оның білімін бекітуде маңызы өте зор екендігі мәлім. Сондықтан факультетте студенттің толыққанды іс-тәжірибеден өтуіне жоғары дәрежеде мән беріледі. Іс-тәжірибе Талдықорған қаласы, облыс аудандары, төтенше жағдайлар департаментінде және алтын бесігіміз ауылда өтсе, экологиялық, іс-тәжірибелер арнайы орындарда табиғат аясында жүргізіледі. Іс-тәжірибе барысында жиналған материалдар факультет зертханаларында сарапталып, студенттің есебіне, дипломдық жұмысына қолданылады.

Бүкіл әлемде өнеркәсіптің қарыштап дамуы экологияның бұзылуына жол берді. Сондықтан да факультетте дайындалатын эколог, қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі мамандары табиғат тепе-теңдігін сақтауға өз септіктері мен шарапаттарын тигізетіні сөзсіз.

И. ЕСЕНҒАБЫЛОВ,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті техника факультетінің деканы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПОЭМА

ӘКЕ

тарихи дастаннан фрагменттер

Жаным әке, жетеледі өрге өмір,
Мейірленіп төгуші едің елге нұр.
Жаратпаушы ең әңгімені бостекі,
Өткеннен сыр қозғаушы едің зәуде бір.

Терең еді талғамың мен танымың,
Білімдіге білдің дүние жарығын.
Еңбектерін ерте құйдың санама,
Қапастағы Алаш арыстарының.

Болашағын болжап білген кім бұрын,
Ажырықта кесіліпті кіндігің.
Онға дейін мұсылманша оқыдың,
Аштың, әке, ілім-білім түндігін.

Содан кейін иыққа жүк түскені,
Сұрапыл жыл әке малын үптеді.
...Үзіп-жұлып өзің айтқан жан сырың,
Сол қалпында ақ қағазға түскені.

***

Сөйлеп кетсе тау менен тасымдағы із,
Сипаттайды замана көшін нағыз.
Сегіз миллион қазақ боп ұйысыппыз,
Жиырмасыншы ғасырдың басында біз.

Тегім кім деп өткенге қарайлағам,
Содан бері алмасты талай заман.
Игіман бай өтіпті дүниеден,
Менің бабам мыңғыртып мал айдаған.

Бұл бес күнде тірлікке құнты болған,
Жан емес- тін дүние ырқын алған.
Ай бойынан мәңгілік қоныс тауып,
Ұрпағына мүкәмал-мүлкі қалған.

Күн, ай, жыл боп уақыт алға асықты,
Тыныштық пен жетті елім таңға құтты.
Құлжа анамыз он алты перзент көріп,
Төрт ұл, бір қыз ұрпақ боп жалғасыпты.

Туған жердің самалы тербеткелі,
Шөберелер, шөпшектер ер жеткені.
Үлкен ұлы Ахметтен біз тараймыз,
Әбілмәжін, Мақаттың перзенттері.

Құт дарыған Ақтоғай өңір еді,
Ұсыныпты атама төрін елі.
Інілері аға деп құрмет тұтып,
Ахмет бай деп сыйлаған төңірегі.

Ахмет атам көтеріп мұнша бақты,
Ағайынға мейірім, нұр таратты.
-Жарылқамас, -дейді екен,-ақ орысың,
Маңдайынан қызыл да сипамапты.

Басқыншы орыс қазақты анық сорды,
Қонақжайлық қалпына қанық болды.
Отаршылға ел емес, жерің керек,
Бас билігі болмаған халық сорлы.

Бай деп бөлді жұртымды, кедей деді,
Малы барды «контр» деп өгейледі.
Азайғанын аңсады отаршылдар,
Керек емес қазақтың көбейгені.

Әйел тең деп айырып жар қосақты,
Әпербақан наданды алға сапты.
Қияметтің күнінде ұмытар кім,
Голощекин жасаған қанқасапты.

Тізіп айдап кілегей қаймақтарды,
Көшкен жұртта бота мен тайлақ қалды.
Қолтығына су бүркіп бозөкпенің,
Ағасына ауылдың айдап салды.

Құт болмады қалған мал малы жоққа,
Сүт бола ма қозы-лақ жамыратса.
Шаш ал десе бас алған белсенділер,
Қара қобыз ойнатты шаңыраққа.

Қарсы алса да кеңестік өкіметті,
Атам Ахмет кешіпті осы кепті.
Кәмпескеге ілінген бай қазақтың,
Шет елдерге мың-мыңдап көші кетті.

Ермек етіп көргем жоқ бос аңызды,
Шерлі тарих мұң жамап, жас ағызды.
Қаматыпты Семейдің түрмесіне,
Туған жерін қимаған атамызды.

Момын елді басты да қызыл мысы,
Түрмеге әкеп қаматқан тізім күші,
Әбілмәжін атамыз жатқа айтатын,
Өлең-хаттың жадымда үзіндісі:

«Аспаным бұлт бүркеніп торланғанда,
Хат жазам жолым күтіп қалғандарға.
Дариға-ай ел-жұртымның ортасында,
Алаңсыз ғұмыр кешсем арман бар ма?

Семейдің хат жазамын қаласынан,
Ет жақын жылап қалды-ау жаны ашыған.
НКВД Сергейдің нұсқауымен,
Отырмын ағайынның жаласынан.

Итіне ауылымның таланғаным,
Араша бауырластан таба алмадым.
Семейдің түрмесіне қамалғаным,
Артыма қайта-қайта алаңдадым.

Адыра жалған дүние қаларсың ба,
Жас болып сағынышым тамарсың да.
Қимасым, сыйластарым ойға оралды,
Келгенде ажал болып жан алқымға.

Соңымда –туып өскен далам қалды,
Оң-солын танымаған балам қалды.
Қадамымды құптаған қайда барсам,
Етегімнен ұстаған Сарам қалды.

Мұң-шерді ішімдегі баса алмадым,
Жаныма уайым батып жата алмадым.
Ұлдарым Әбілмәжін, Мақатыма,
Жол сілтеп, бағыт беріп кете алмадым.

Соңымда ағайын-жұрт елім қалды,
Төрт түлік мал өрісі жерім қалды.
Береке-ырысымды түзге төгіп,
Өңмеңдеп келімсектер төрімді алды.

Мен үшін туған-туыс кіл ардақты,
Алладан сұрағам жоқ сыңар бақты.
Барымды бөлісіп ем ағайынмен,
Білмеймін кімге менің тізем батты.

Есерге еркін билік тиді бүгін,
Қисынсыз салып отыр қиғылығын.
Айыбым мал өсірдім қалауымша,
Қалың ел көріп едің игілігін.

Ауыткып оңды-солды тұр ма заман,
Құлақ деп адамы жоқ былғамаған.
Асыра сілтеп жүрген құлар аз ба,
Өкімет саясатын бұрмалаған.

Санамды дұшпан қайғы кеміруде,
Жігерім қысастықтан жеңілуде.
Қазаным төңкеріліп ашық күнде,
Ырысы қазағымның төгілуде.

Боп шықты сенгендерім қуыс кеуде,
Ондайды ауыз бармас туыс деуге.
Тілегім туған жерден айырмаса,
Бір болсам руыммен у ішсем де!»

Осылай Ахмет атам аһ ұрғаны,
Сезіліп қажығаны, ашынғаны.
Хатында аңсау, арман, сағыныш бар,
Қатталған қайғы-шерін жасырмады.

Қамықты көптен жырақ қалған жанша,
Қайтеді орындалмай арман қалса.
Қапастан жолын тауып қашқан абзал,
Итиіп итжеккенге айдалғанша.

***

Көзі қиып туған жерін,
Басқа теуіп ырыс-бақты.
Әкесінің кеткен күнін,
Бала Мақат ұмытпапты.

Тағдырына жоқ наласы,
Жас басынан сынақ берген.
Күні кеше кіші анасы,
Сара апасы жылап келген.

-«Бұл нәубет қой елге келген,
Жаман ойға батпа, жаным.
Шұғыл хабар келді әкеңнен,
Ұлымды алып аттанамын.

Уақытша сен қаласың,
Жаныма бұл қайғы алдырды.
Деді дағы жас баласын,
Белімнен үш айналдырды.

Үміт отын жаққасын ба,
Тағдыр мені төзімді етті.
Сәду атам отбасында,
Бәтіш анам мейір төкті.
Жанымдағы жарам ашып,
Қиын кезде паналағам.
Ағамның деп аманаты,
Жан жылуын аямаған.

Ажыратып жоқ пен барды,
Екіұдай боп жүргенімде.
Хабар келіп, көш қозғалды,
Күндердің бір күндерінде.

Іздеп кеттік жақсы күнді,
Қалды қимай күрең белім.
Қарсы алғанда Бақты бізді,
Түндей болып түнергені.

Көпке қауіп төнген еді,
Көш Бақтыда құрықталды.
Жас демеді, шал демеді,
Қызыл отряд қырып салды.

Оқ жаудырып жан-жағынан,
Аямады қас дұшпаны.
Қызыл қырғын салдарынан,
Сәду атам оққа ұшқаны.

Бұлт боп қайғы-мұң қаптады,
Түнек басып төңірегім.
Бәтіш апам жыр-жоқтауын,
Естіген ел еңіреді:

«Қамысты деген қаласы,
Тағдырдың салған наласы .
Қалай бір қиып атты екен,
Қу орыс иттің баласы.
Түрмеге тығып тонды,
Жалпыға батты қорлығы.
Қоныстан бізді айырған,
Орыстың қоқан-зорлығы.
Кеудеме жүрек сыймайды,
Кеткені жардың қинайды.
Туған жер, өскен мекенді,
Мал екеш мал да қимайды.
Қара бір шашым жайылған,
Заманым мынау тарылған.
Атаңа нәлет басқыншы,
Арысымнан айырған».

Баз кешті көп шыбын жаннан,
Қалды қарға-құзғын жарып.
Нәр алған соң қызыл қаннан,
Қызғалдақтар өңгені анық.

Жан-дүнием ашынады,
Күнә мұны қозғамауым.
Шіл боғындай шашырады,
Шошынған ел- тозған ауыл.

Қытайға өттік арып-ашып,
Бәтіш апам сертке берік.
Рысбай ұлымен қол ұстасып,
Шәуешекке жеткен едік.

Жеттік аман алыс қырдан,
Заман тұрды сан құбыла.
Ата-анаммен табыстырған,
Ризамын тағдырыма.

Күтті бірақ алдан құрбан,
Естіген жан өкінеді.
Белімнен үш айналдырған,
Қажығұмар шетінеді.

Жолдар алға жетеледі,
Жылдар бізбен қосыла ақты.
Көгертем деп көсегенді,
Гимназия есік ашты».

Ілкі сәтке шешілгенде,
Әкемнің жан сырын ұқтым.
…Өзің баптап өсірген де,
Белгісі өзің іріліктің.

***

Ұстаз болып төктің көпке ізгі нұр,
Ізің қалды сырт өңірде елеңдір.
Өсіп-өніп, ұстап билік тізгінін,
Қалың жұрттың ықыласына бөлендің.

Жылдар өтті, саясаттың салқыны,
Сізге де, әке, сірә оңай тимеген.
Көріп, сезіп сынақты да талқыны,
Туған жерге жер жетпесін түйген ең.

Бес баламен Ақтоғайға келгенде,
Атақоныс ақ жарылды расында.
Ағайынның құрмет-сыйын көргенде,
Еңселендің, бақ-ырысың басында.

Отызда орда, қырықта алдың қамалды,
Ұл-қыз өсті, жалғанды да жанды үміт.
Деуші едіңіз «Аяландар анаңды,
Елге келді ол төркіндерін қалдырып».

Өзіңнен соң қырық жылдай жүрді анам,
Төркін жұртын аралады армансыз.
Еріп кетті, ағып кетті жылғадан,
Сонау жылғы қиындықтан қалған мұз.

Анамменен сапарладым Шыңжаңға,
Жастығымен қайран шешем табысты.
Шүкір еттік баста еркіндік тұрғанға,
Кең заманға жақын қылған алысты.

Сізді көрген үлкендерден бата алдым,
Ұлылығын қайта ұғындым әкемнің.
Қүйтіндегі қорымынан атамның,
Зиярат қып топырағын әкелдім.

Бір-ақ уыс топырағы атамның,
Сыздан қорғап жатқан шығар жылытып.
Өзіңе кеп мұң-наламды баса алдым,
Ұрпақтарым кетті деме ұмытып.

***

Өзіңсіз жылдар жылжып, көше берді,
Қадірің, асыл әкем, еселенді.
Қырық жыл нұр бейнеңді санадағы,
Өшірмей ажар үстеп жаңалады.

Жап-жас ем, мен де бүгін егделендім,
Бағындым уақытқа, тезге көндім.
Ел-жұртпан әкем жайлы жайға қанам,
Өзіңдей болу, бірақ қайда маған?

Алпыс жас маңдайыңа бұйырғаны,
Қырық жыл несібе асың жиылғалы.
Даттау жоқ болмысыңа кір жамаған,
Мақтау көп, әкесі үшін ырза балаң.

Адамдық нық ұстапсың жолды бекем,
Арнаңнан асқан шағың болды ма екен.
Өмірім көлеңкелі, кейде күнгей,
Ел сенсе бір өзіңе сенгеніндей.

Шабытым кең өрісті саңлақтанса,
Сезімде көп иланар салмақ болса.
Бақ құсы жазғаныма таңдап қонса,
Жырымды оқыған жан аруақтанса...

Жомарт ИГІМАН, ақын,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СУДЕБНАЯ СИСТЕМА

В КАКОМ СЛУЧАЕ ВОЗМЕЩАЕТСЯ МОРАЛЬНЫЙ ВРЕД

Одним из способов судебной защиты гражданских прав относится компенсация морального вреда.Учитывая то, что в добровольном порядке моральный вред вряд ли кто-то кому-то вообще когда-либо выплатит, то взыскать его можно, а соответственно и возместить только в судебном порядке. Моральный вред подлежит компенсации в том случае, если имеет место быть виновное причинение вреда. То есть должно присутсвовать нарушение прав другого лица. Также нужно доказать в суде, что имели место быть нравственные страдания. Под моральным вредом понимается нарушение, умаление или лишение личных неимущественных благ и прав, принадлежащих физическому лицу от рождения или в силу закона, влекущее нравственные или физические страдания, испытываемые (претерпеваемые, переживаемые) потерпевшим в результате совершенного против него правонарушения.

Основанием иска о компенсации морального вреда является виновное совершение ответчиком противоправного деяния, повлекшего причинение истцу физических или нравственных страданий, что подлежит доказыванию в суде, как и характер причиненных страданий, степень вины причинителя вреда.В соответствии с требованиями Гражданского кодекса Республики Казахстан моральный вред возмещается в денежной форме и независимо от подлежащего возмещению имущественного вреда.

Гражданским законодательством определение размера компенсации морального вреда оставлено на усмотрение суда, рассматривающего дело, с учетом принципов разумности, достаточности и справедливости.Суды при определении размера компенсации морального вреда в денежном выражении принимает во внимание как субъективную оценку гражданином тяжести причиненных ему нравственных или физических страданий, так и объективные данные, свидетельствующие об этом, в частности: – жизненную важность личных неимущественных прав и благ (жизнь, здоровье, свобода, неприкосновенность жилища, личная и семейная тайна, честь и достоинство и т.д.); – степень испытываемых потерпевшим нравственных или физических страданий (лишение свободы, причинение телесных повреждений, утрата близких родственников, утрата или ограничение трудоспособности и т.д.); – форму вины (умысел, неосторожность) причинителя вреда, когда для возмещения морального вреда необходимо ее наличие.

Нуржан КАДЫРБЕК,
судья СМУС Алматинской области.

ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПРОГРАММА

Государственная программа по реализации языковой политики в Республике Казахстан на 2020-2025 годы разработана в соответствии со статьями 7, 93 Конституции Республики Казахстан; Законом Республики Казахстан от 11 июля 1997 года "О языках в Республике Казахстан"; Стратегическим планом развития Республики Казахстан до 2025 года; Посланием Первого Президента Республики Казахстан – Лидера Нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана от 14 декабря 2012 года "Стратегия "Казахстан-2050": новый политический курс состоявшегося государства" и программной статьей от 12 апреля 2017 года "Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания"; Посланием Главы государства К.К.Токаева народу Казахстана "Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана" от 2 сентября 2019 года.

Указанные нормативные документы определяют основные цели и задачи настоящей Программы.Так, в статье 3 Конституции Республики Казахстан определено: "Государственный язык в Республике Казахстан – казахский язык. Государство заботится о создании условий для изучения и развития языков народа Казахстана". Также в статье 93 говорится: "В целях реализации статьи 7 Конституции Правительство, местные представительные и исполнительные органы обязаны создать все необходимые организационные, материальные и технические условия для свободного и бесплатного овладения государственным языком всеми гражданами Республики Казахстан в соответствии со специальным законом". Эти положения Конституции являются главным основанием для разработки и реализации настоящей Программы.

Программа предусматривает осуществление задач, обозначенных в Послании Главы государства К.К. Токаева от 2 сентября 2019 года народу Казахстана "Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана". Глава государства отметил, что на основе конкретных мер необходимо создать условия для развития языка и культуры этнических групп страны и усилить роль казахского языка как языка межнационального общения.

В этой связи, в Программе предусмотрены необходимые меры для полноценного функционирования государственного языка, имеющего глубокую историческую, культурную и психологическую базу, как языка межэтнического общения на территории Казахстана.

Ертис ОМАРОВ,
судья Талдыкорганского городского суда.

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО

РАЗЪЯСНИЛИ МЕХАНИЗМЫ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОДДЕРЖКИ

КАК СООБЩАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА ПП АЛМАТМИНСКОЙ ОБЛАСТИ, В ТАЛДЫКОРГАНЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЯМ РАЗЪЯСНИЛИ МЕХАНИЗМЫ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОДДЕРЖКИ ПРИ СТРОИТЕЛЬСТВЕ ШКОЛ И ОБЩЕЖИТИЙ. НА СОВЕЩАНИИ В ПАЛАТЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ В ФОРМАТЕ ROADSHOW ВЫСТУПИЛИ ПРЕДСТАВИТЕЛИ АО «ФИНАНСОВЫЙ ЦЕНТР» МОН РК РАУАН СИСЕНОВ И ОЛЖАС БАЙГУЖИН, А ТАКЖЕ ПРИНИМАЛИ УЧАСТИЕ НАЧАЛЬНИК ОТДЕЛА РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО КАПИТАЛА ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ АЛМАГУЛЬ ОНГАРБАЕВА, ПРЕДПРИНИМАТЕЛИ В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ И ГОСТИНИЧНОГО БИЗНЕСА.

В ходе встреч для бизнес-сообщества были презентованы преимущества и возможности участия в проектах по возведению социальных объектов.

По словам представителя «Финансового центра» Рауана Сисенова, концепция механизма заключается в партнерстве государства и частного сектора. Частный застройщик в лице инвестора, учебного заведения либо предпринимателя за счет собственных средств осуществляет ввод объекта. При успешном вводе государство осуществляет размещение целевого государственного заказа. Необходимо отметить три важных параметра.

Первое - принцип размещения. Главным условием размещения госзаказа является факт проживания студента. То есть работает принцип подушевого финансирования. Госзаказ размещается во всех организациях, осуществивших ввод новых общежитий путем строительства или реконструкции, за исключением государственных учреждений.

Второе - срок размещения. Госзаказ размещается сроком на 8 лет на ежемесячной основе. В период каникул учитывается количество студентов, проживавших в последний учебный месяц.

Третье – размер выплат. Ежегодный размер госзаказа на одного студента составляет: при строительстве составляет 122 МРП, при реконструкции 47 МРП. При этом первые 12 месяцев госзаказ выплачивается с учетом поправочного коэффициента, который равен двум. К примеру, фактически проживает 100 человек, выплаты идут за 200. Но не более проектной мощности общежития.

В целом для этих целей в республиканском бюджете предусмотрены 152 млрд тенге и что не менее важно, данные средства не подлежат секвестированию.

По истечении срока выплат от государства объект остается в собственности у застройщика. Единственным условием станет регистрация обременения на изменение целевого назначения объекта сроком на 20 лет.

«В рамках реализуемых проектов, наряду с размещением госзаказа, вы будете иметь дополнительные источники дохода. Так, ежемесячная плата за проживание студентов не входит в стоимость госзаказа. Ее размер регулируется собственником общежития и определяется условиями рынка жилья конкретного региона. И еще, вы можете создать коммерческие площади для оказания бытовых услуг, основными потребителями которых станут ваши жильцы (столовая, парикмахерская, тренажерный зал и др.).», - пояснил спикер.

Отдельным направлением выступает ввод новых мест в общежитиях путем реконструкции зданий.

Если вы являетесь собственником здания, можно произвести его реконструкцию под студенческое общежитие и также претендовать на размещение госзаказа. В этом случае его размер составит 47 МРП за каждое занятое койко-место.

В целом, независимо от способа ввода новых мест в студенческих общежитиях, все объекты и их дальнейшая эксплуатация должны производиться в строгом соответствии с действующими строительными, противопожарными и санитарно-эпидемиологическими нормами.

На сегодняшний день уже имеются промежуточные результаты. Уже заключено 79 договоров на 29 350 мест.

Что касается строительства и реконструкции частных школ в рамках подушевого нормативного финансирования, то с 2018 года законодательно закреплена возможность размещения государственного образовательного заказа на среднее образование в частных организациях образования. Методикой подушевого финансирования определен подушевой норматив для частных школ.

Согласно Методике, размер подушевого норматива состоит из двух компонентов:

- операционные расходы на реализацию государственного общеобязательного стандарта образования (ГОСО). Для вновь вводимых частных школ на текущий год норматив составляет в среднем 470 тыс. тенге.

- расходы на амортизацию здания за каждое вновь введенное ученическое место в год:

• при строительстве - 96 МРП (280 тыс. тенге),

• при реконструкции - 47 МРП. (137 тыс. тенге).

Вместе с тем, выплаты привязаны к МРП и с каждым годом индексируются. Кроме того, у инвестора остаётся право получения родительской платы за предоставление улучшенных условий пребывания ребенка в школе. По истечении срока выплат от государства объект остается в собственности у застройщика. Единственным условием станет регистрация обременения на изменение целевого назначения объекта сроком на 20 лет.

«Программа интересна и привлекательна для наших предпринимателей, к тому же, она предусматривает долгосрочную поддержку от государства. Вложенные инвестиции позволит реализовать довольно прибыльный социальный объект, а также улучшить инфраструктуру в сфере образования. Данные объекты востребованы как в Талдыкоргане, так и в районных центрах», - отметила начальник отдела развития человеческого капитала Палаты предпринимателей Алматинской области Алмагуль Онгарбаева.

По подсчетам специалистов, за восемь лет предпринимателю выплачивается сумма, которая покрывает объем потраченных средств на 80-100%. Кроме этого, после ввода общежития в эксплуатацию средства от аренды также поступают на счет к предпринимателю. Субъекты бизнеса, заинтересованные в сотрудничестве, могут обратиться напрямую в финансовый центр: 8 (7172) 695-127, www.fincenter.kz, www.studdom.fincenter.kz.

Ш. ХАМИТОВ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ХОККЕЙ

ТУ ТАЛАПАЙҒА ТҮСКЕН «БАРЫС»

Астананың «Барысы» бірнеше жылдардан бері Құрылықтық хоккей лигасында еліміздің абыройын қорғап, тәп тәуір өнер көрсетіп жүргені баршаға аян. Бір өкініштісі «Барысқа» келіп, құрылықтық хоккей лигасының әліппесін ашып, өздерін жақсы қырымен көрсеткен шебер ойыншыларды маусым аяқтала салысымен өзге клубтар «құда түсіп» ту-талапайға салатыны өкінішті-ақ. Ал, сол «қолды болған» ойыншылар өзге клубтың сапында өзімізге қарсы керемет ойын көрестіп, «Барыстың» қақпасының торына шешуші жеңіс шайбаларын тоғытып жатқан сәттерін көзіңмен көргенде қабырғаңа қатты батады. Алысқа бармай-ақ, биылғы біріншіліктен мысал келтірсек, Патрис Кормье, Корбан Найт, Найджел Доус, Линден Вэй сияқты мұхит асып келіп, біздің команданың ойыншылары ретінде құрылықтық хоккей лигасындағы алғашқы қадамдарын жасап, жасындай жарқылдағанда

Ресейдің таңдаулы командалары жапа тармағай жабысып, өздеріне ауыстырып алғаны белгілі. Енді олар ЦСКА, СКА, «Авангард», «Ақ барс», «Локомотив» сияқты азулы командалардың құрамында өзімізге қарсы ойнап, шайба соғып жүр. Ал, Корбан Найт Омбының «Авангардының» құрамында жақында ғана аяқталған бәскеде Гагарин кубогының су жаңа иегері атанды.

Сәуірдің 30-жұлдызында «Барыс» хоккейшілерінің басым көпшілігінің келісім шарты аяқталды. Енді біздің команда басшылары олармен келісім шартты ұзарту-ұзартпау жайлы ойланып, толғанып болғанынша қазірдің өзінде негізгі құрамның жеті ойыншысын өзге командаға ауысып үлгеріпті. Өкініштісі сол, «қолдағы бар алтынды бағалай алмай» сосын біздің клуб басшылары қыруар ақша шашып, тағы да мұхиттың ар жағынан ойыншылар іздей бастайды. Оның орнына, өздерін жақсы қырымен көрсеткен өз ойыншыларының қаржылай талабын тап басып, ұстап қалған тиімді болмай ма. Өткен жылғы маусымда шабуылшы Корбан Найт, қақпашы Эдвард Паскуалле, қорғаушы Атте Охтамаа сияқты ойыншылардың қаржылай сұранысын қанағаттандырмай, олар басқа командаға ауысып, тамаша ойындарымен көзге түсіп жүргенде, біздің бапкерлер жыртығын жамау үшін асығыс шығындалып, екі үш жаңа ойыншы сатып алған еді. Алайда, олар үмітті ақтамай, маусым бітісімен командамен қош айтысты. Сондықтан жайбарақаттыққа салынбай, қазірден қимылдап қалмаса, команда ойыншыларын өзге клубтар түгел алып кетері де ғажап емес. Қынжыларлығы сол, тіптен шетелдіктер емес өзіміздің тұрғылықты Павел Аккользин, Алексей Маклюковты да магнитогорскінің «Металлургі» алып алып, енді соңғы маусымда жасындай жарқылдап шыққан жас періміз Кирилл Панюковтың да «басын айналдырып» жатқан көрінеді. Сондықтан олар ұсыны отырған қаржыны біздің команда басшылары да қарастырып, қайткен күнде де мұндай ойыншыларды ұстап қалу керек емес пе. «Алыстан арбалағанша, жақыннан дорбалаған» жақсы емес пе.

Ш. ХАМИТОВ

ТУРНИР

«ЕҢБЕК ЕРІН» ЕСКЕ АЛУ

7-9 МАМЫР АРАЛЫҒЫНДА НҰР-СҰЛТАНДА ГРЕК-РИМ КҮРЕСІНЕН ДАҢҚТЫ БАЛУАН ЖАҚСЫЛЫҚ ҮШКЕМПІРОВТІ ЕСКЕ ТҮСІРУГЕ АРНАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИРДІҢ ЖАЛАУЫ ЖЕЛБІРЕЙТІН БОЛАДЫ.

1951 жылы Жамбыл облысының Байзақ ауданында туып-өскен Жақсылық ағамыз уақыт оза Қазақстанның беткеұстар балуанына айналып, халықаралық аренада толағай табыстарға қол жеткізді. Атап айтсақ, аса жеңіл салмақта КСРО біріншілігін екі мәрте ұтып (1975, 1980), екі реттен күміс (1978, 1979) және қола (1973, 1977) медальдарды иеленді. КСРО халықтары Спартакиадасының бас жүлдесін (1975) олжалады. Европа чемпионаты (1980) мен әлем кубоғында (1982) екінші орынды еншіледі. Мәскеу Олимпиадасының жеңімпазы (1980) және әлем чемпионы (1981) атанды.

Үшкемпіровтің ел спортына сіңірген еңбегі еленіп, ол көптеген мемлекеттік наградалармен марапатталды. 2017 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қолынан «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын алды. Айтулы азамат былтырғы жылдың 2-тамызында бақилық болды.

Биыл Жақсылық Үшкемпіровті еске түсіруге арналған турнирде Грузия, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Қазақстанның бір-қатар аймағынан келген апайтөстер күш сынасады.

Каратэден Португалияның бас шаһары – Лиссабонда өткен Премьер-лига додасы өз мәресіне жетті.

КҮРЕС

Елордада қазақ күресінен «Қазақстан Барысы» республикалық турниріне іріктеуі мақсатында «Нұр-Сұлтан Барысы» жарысы өтті, деп хабарлайды Egemen.kz

ҚОС БАЛУАН НҰР-СҰЛТАННЫҢ НАМЫСЫН ҚОРҒАЙДЫ

«Қазақ күресінің даму тарихы тереңде жатыр. Кейінгі он жылда қазақ күресі Үкімет тарапынан жасалып жатқан қолдаудың арқасында қанатын кеңге жайып, халықаралық аренаға шығып үлгерді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Төл спортымыз – қазақ күресін олимпиялық ойындар деңгейіне дейін көтеруге күш салуымыз керек», деген тапсырмасы аясында қарқынды жұмыс жүргізіліп, бүгінде ұлттық күресіміз әлемнің 50-60 мемлекетінде тамыр жайып, дамып отыр», деді қала әкімінің орынбасары Бақтияр Макен жарыс алдында.

Шілде айында елорда төрінде өтетін дүбірлі дода - «Қазақстан Барысы» турниріне жолдаманы бабы келіскен 26 балуан сарапқа салды. Тартысқа толы белдесулер нәтижесінде Олжас Шынкеев топ жарып, алтын белбеуді иеленді. Екінші орын Айбат Сейтенге бұйырса, үздік үштікті Нұрбек Досмұханбетов қорытындылады.

Жарыстың алтын және күміс жүлдесіне ие болған қос балуан «Қазақстан Барысында» елорданың намысын қорғайтын болады.

Egemen.kz

БОКС

КЕЛЕСІ ЖЕКПЕ-ЖЕК ҚАШАН БОЛАДЫ?

Қазақстандық боксшы Геннадий Головкин келесі жекпе-жегін бразилиялық Эскива Фалькаоға қарсы өткізеді.

Бразилиялық боксшы Uol.com.br басылымына берген сұхбатында Головкинге қарсы жекпе-жек өткізетінін айтты. Оның сөзінше, жекпе-жек тамыз айында Лас-Вегаста өтеді.

31 жастағы Эскива Фалькао әуесқой мансабында 2012 жылғы Олимпиаданың финалына шыққан.

Айта кетейік, Геннадий Головкин соңғы жекпе-жегін өткен жылы желтоқсанда өткізіп, Камил Шереметаны жеңген еді.

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ТҮРКИЯДА БАҚ СЫНАДЫ

Жеңіл атлетикадан ұлттық құрама мүшелері Түркиядағы «Olympic Trial Competitions» турнирінде сынға түсті. Аталған жарыс алдағы маусымға дайындық кезеңі ретінде қарастырылған.

Турнирдегі қазақстандық спортшылардың көрсеткіші төмендегідей:

- Рима Кашафутдинова, 200м - 1 орын
- Адэлина Ахметов, 400м - 1 орын
- Диана Нусупбекова, балға лақтыру - 2 орын
- Владислав Григорьев, 100м - 4 орын
- Виталий Земс, 200м - 2 орын
- Вячеслав Земс, 400м - 4 орын

Айта кетелік, Қазақстан командасы Түркияда оқу жаттығу жиынын өткізуде. Жиын 7 мамырға дейін жалғасады.

Prosports.kz

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

БАЛА ТӘРБИЕСІ ТУРАЛЫ 5 КІТАП

Баласының тәрбиесі алаңдататын әр ата-ана кітап іздеп оқитыны белгілі. "Ең мінсіз ата-ана – әлі баласы жоқ адамдар" дегендей, бұл кітапты балалы болғанға дейін өзге көзқараспен оқысаңыз, балалы болған соң қайталап оқып көріңіз. Сонда міндетті түрде алдыңғы оқығанға қарағанда жақсырақ түсінесіз, басқаша ой қорытасыз.

Мағжан Жұмабаев "Педагогика"

"Тәрбие – баланы кәміл жасқа толып, өзіне-өзі қожа болғанша, тиісті азық беріп, өсіру" деп басталады. Қазіргі кезде жиі айтылып жүрген "баланы өсір де, еркіне жібер" деген сөзді Мағжан сол заманда-ақ айтып кеткен.

Баланың дене тәрбиесінен бастап, ақыл тәрбиесі, сұлулық һәм құлық тәрбиесі толық қамтылған. Бала тәрбиесі туралы ілімді осы кітаптан бастау керек.

Бауыржан Момышұлы "Ұшқан ұя"

Батырдың қаламынан туған бұл шығарма - "этнографиялық энциклопедия", яғни қазақ салт-дәстүріне байланысты барлық жөн-жоралғы жазылған.

Әжесі Қызтумастың тәрбиесі, әкесі Момыштың Бауыржанға жеті атасын үйреткен тұсы балама оң тәрбие беремін деген ата-анаға үздік үлгі болады. Өз елінің әдет-ғұрпын санасына сіңіріп өскен бала жаман болмайды.

Алма Қыраубаева "Жаным садаға"

Ерекше мектеп ашып, ұстаздық ұлы жолдан өткен педагог бұл кітабында балалармен қарым-қатынасы жайында жазған. Әр тәрбиелеуші баланың жанына, ішкі әлемінің тереңіне үңілу керек деген ой айтылады. "Тентек балаларды көбірек жақсы көру керек" дейді, бұл сөзінің мәнін ұққыңыз келсе, кітапты оқыңыз.

Мәлік Ғабдуллин "Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес"

Авторды танысаңыз, кітап не туралы екенін де бағамдайсыз. Кеңес Одағының батыры балаларды ерлік рухқа қалай тәрбиелеуге болатынына нұсқау беріп, мысал келтіре отырып жазады. Сонау тарихқа көз жүгіртіп, бүгінгі кезеңге дейін жетелеп әкеледі. Тәрбие беруде саналы тәртіп пен патриоттыққа үндеу мәселесін көтереді.

Анатолий Некрасов "Материнская любовь"

"Бала, бала" деп күйеуіне көңіл бөле алмай қалсаң, дұрыс тәрбие болмайды. Ата-анасының бір-біріне деген махаббаты баланың дені сау, күш-қуаты мол боп өсуіне себеп болады. Кітап тілі күрделі емес, тез қабылдауға болады.

Осы тізімдегі кітаптың қайсысын оқыдыңыз? Қай кітаптан бастап оқыр едіңіз?

ДЕНСАУЛЫҚ

ТҮСКІ ҰЙҚЫНЫҢ ПАЙДАСЫ

Түскі астан кейін ұйқы қысатын кездер болады. Кейде мызғып алғымыз келсе, кейде уақыт құрткымыз келмей ұйқыдан қашатынымыз тағы бар. Бірақ бұл қаншалық дұрыс?

Медицинада түскі ұйқының пайдалы екенін дәлелдеген зерттеулер көп. Мына бір зерттеуде адамның сағат 13.00 бен 15.00 аралығында маужырап ұйқысы келетіні – табиғи нәрсе. Ал денсаулыққа ең жақсысы – ағзаның қалауын орындау. Түскі ұйқы ағзаға пайдалы болғандықтан, оған тәуелді.

Тағы бір зерттеуде күндізгі ұйқы, яғни, түскі ұйқының адамға артықшылық беретіні айтылады. Түсте жарты сағат болсын ұйқыға көңіл бөлген адамның когнитивті ойлауы мен есте сақтау жақсарып, назар аудару мен қимыл-қозғалысы шапшаң болады, көңілкүйі көтеріледі делінген.

Ал мына зерттеуде түсте ұйықтауды әдетке айналдырған адамның түстен кейінгі жұмысы өнімді болатыны айтылған. Ондай адамның әсіресе, оқу-тоқуға деген қабілеті ашылады. Сондықтан мұндай адамдарға түстен кейін тіл үйрену, сабақ қарау мен басқа да ойлауға байланысты шаруаларды

шешсе болады.

Түскі ұйқы адамға кофеин мен энергия беруші препараттарды ішумен бірдей қуат береді. Есесіне, кофеин мен препараттарға тәуелділік болмайды.

Ал түскі ұйқы қаншаға созылу керек дегенге келсек, 1-2 сағаттан аспауы тиіс. Дұрысы – 1 сағат.

Мамандардың айтуынша, адам ағзасы үшін ең дұрысы суды жылылай ішу. Шамамен, адамның тұрақты дене температурасымен тең 36 градус шамасындағы су – ең дұрысы.

ЖЫЛЫ ӘЛДЕ САЛҚЫН: ҚАЙ СУДЫ ІШКЕН ДҰРЫС?

Жылы су тез қорытылады. Ал шөлдеген адамға суды жылылай ішкеннің пайдасы көбірек. Өйткені қан сусыраған кезде жылы су тез қорытылады қанды тезірек сұйылтады. Яғни, су қанға тез жетеді. Ал жылы сумен бірге қан тамыры кеңейіп, бұлқышет босаңсиды. Онымен бірге адамның психикалық күйі де тез жақсарады.

Іш өткенде жылы су ішкен жөн. Майлы тағамнан кейін жылы су ішкен жақсы, өйткені майды тез қорытуға көмектеседі.

Салқын судың пайдасы бар. Әсіресе, арықтауға тигізер пайдасы зор. Өйткені салқын суды қорыту үшін асқазан қосымша энергия мен калория жұмсайды да, соның есебінен денедегі майдың сылынуына көмектеседі.

Ал асқазаны қыжылдаған немесе ішек жолы ауруы ушыққан адам жылы су ішкені дұрыс.

...ДЕГЕН ЕКЕН

БІРДЕЙ СҰРАҚҚА ЕКІ ТҮРЛІ ЖАУАП

Көшеде отырған қарттың жанына бір жігіт келіп былай сұрайды:

– Мен бұл жерге бұрын соңды келмеп едім. Айтыңызшы, ақсақал, мұнда қандай адамдар тұрады?

Ал қарт жігітке барлай қарады да, сұрағына сұрақпен тіл қатты:

– Ал сен келген қалада қандай адамдар тұрушы еді?

– А-а, ол жақта ма? Онда үнемі қабағынан қар жауып жүретін және өзінен басқаны адам құрлы көрмейтін халық тұратын. Сондықтан да мен ол қаладан қашып кеттім.

– Олай болса бұл қаладан да көретінің тура сондай адамдар болмақ, – деп жауап қайырды қария.

Біраз уақыттан соң бұл жерге тағы бір кісі келді де, қарияға тура жаңағы сұрақты қойды:



– Мен бұл қалаға алғаш келдім. Бұл қаланың тұрғындары қандай өзі? – дейді.

Қария да бағанағы қалпынан танбады:

– Айта қойшы, балам, сен тұрған қаланың тұрғындары қандай еді?

– Еее, оларды айтасыз ба? Олар деген нағыз қонақжай, мейірбан, жанашыр халық қой. Ол жақта қаншама достарым бар еді, қимай-қимай қоштасып келдім ғой.

– Олай болса бұл жақтан да тура сондай адамдар кездестіресің.

Бұл жағдайды сырттай бақылап тұрған бір кісі келіп:

– Неге бірдей сұрақ қойған екі адамға екі түрлі жауап бердіңіз?

– Жақсы адам да, жаман да барлық жерде болады. Тек әркім іздегенін табады. Жолынан кімді көргісі келсе, соны жолықтырады. Кімге мейірім көрсетсең, өзіңе де сол келеді.

Материалдар «massaget.kz» сайтынан алынды.

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Карина ПФАЙФЕР – тілші
Ардагүл ӘСКЕРБЕК – тілші

Кезекші редактор: К. ПФАЙФЕР

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 3554
Тапсырыс № 474
Индекс 15534